

БҮГІНГІ ТАҢДАУ – ЕРТЕҢГІ БОЛАШАҚ КЕПІЛІ



Ел өмірінде шешуші кезең болғалы тұр. Биылғы жылдың 20 қараша күні халқымыз өз Президентін сайлайды. Бұл дамудың жаңа бағыты ретінде айқындалған әділеттілік, теңдік, бірлік қағидаттарын орнықтырудағы маңызды қадам. Мемлекет алдында тұрған ұлы мақсат-мұраттарға қол жеткізу үшін лайықты көшбасшыны айқындау барша қазақстандыққа сын.

(Соңы 3-бетте)

АЛАШЫНА АДАЛ БОЛҒАН АЗАМАТ

Қазақтың арғы-бергі тарихында ұрпағы құрметпен еске алатын арда ұлдары көп еді, аумалы-төкпелі, аласапыран кезеңдер туғанда олар әрқилы тағдырды бастан кешті, өздері бақилық болғаннан кейін де олардың басына төнген қара бұлттың айықпай, төбелерінде үйіріліп тұрып алағаны да рас.

Көзі тірісінде азапты ғұмыр кешкені аздай, каншама заман өтсе де, алаштың аймандай ұлдарының абыройлы атағының аталуынан қорқатын, қолдарынан келгенше бөгет жасаған теріс пиғылдылар аз болған жоқ. Әрине, сол ымырасыз қарсылықтардың осы күнге дейін жалғасып келуіне, алаштың бағына жаратылған перзенттерінің жұртымен мәңгілік қауышуына не кедергі, бұған тосқауыл қойып келгендердің көкейін тескен қандай мүдде екендігіне көзі жетпей, санасы сан-саққа жүгіріп, алаш жұртының да басы қаңғырған, дал болған кезеңдер өтті. Міне, еркін ой айта алатын шақ туғанда, алаштың таусылмас арман-тілегіндей, арыстарымыздың айықпас мұңына айналған тәуелсіздік таны атқаннан бері көзіміз жете түскендей, қайыспас қара нардай, қайран ерлеріміз иықтарына зілбатпан ауыр жүк артып, мәңгілік өлмейтін ұлт мүддесін аркалап өмірден өткен. Бірақ, ғазиз бастары мейірімсіз, ымыраға көнбес дүлей саясаттың құрбандығына шалынса да, артына шынымен де мәңгілік өлмейтін, өшпейтін

ұлы идея – ұлтының азатшыл мұратын өнеге етіп қалдырыпты!


Сондықтан да, Әлихан Бөкейхан бастаған алаш қаһармандарының идеясы халқымен бірге жасай береді, олардың өлмес рухы қазақ даласын кезіп жүр, ұрпақтарын желеп-жебеп, болашаққа әрі қарай да бастай бермек. Өйткені, халқымызда ұлт мүддесінен қымбат идея – одан асқан мақсат-мұрат болуы мүмкін де емес!

Біз барша алаш арыстарымен табысқанда, ұзақ жылдар, тіпті, өмір бойы көрмей келген жанашыр туысымызды тауып алғандай күй кештік, өйткені, кеңестік коммунистік саяси идеология олардың атын атаппауға жанын сала жұмыс істеді. Кеңестік әдебиетте алаш арыстары Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбектердің есімдері қорқыныш тудыратын құбыжықтай сүйкімсіз сипатталып, өз халқына жаналғыш әзірейіл бейнесімен танылды. Ал өмір көшінің дөңгелегі айналып келгенде, алаш ұлдары бірінен соң бірі ақтала бастағанда, әдебиет-

тегі «ақтаңдақтардың» мәні де ашыла бастады. Өте өкінішті болса да, ақиқаты сол.

Біздіңше, қазақ әдебиетінің алдында ұлы міндеттер тұр. Ендігі көркем әдебиетімізде алаш арыстарының асыл бейнелері сомдалып, жұрты жастанып оқитын шынайы, жасампаз, ғұмыры мәңгілік әдебиет жұртының қолына тиер күн алыс болмас. Халқымен қауышқан қаһармандарымыздың қадірлі есімдеріндей, әдебиетіміз де жалған идеологиядан арылып, жаңаша сипатымен, азатшыл ой-көзқарастарымен нағыз тәуелсіз ұлт әдебиеті ретінде қалыптасарына сенімдіміз. Өйткені, көркем әдебиет әрқашан ұрпақ тәрбиесіндегі басты ықпалды орында қала берері анық. Әсіресе, алаш баласының елі мен жерін сүюдегі, адал қызмет етуіндегі әдебиеттің рөлі айрықша. Оны біз жас Әлиханның қалыптасу кезеңдеріне үңілгенде айқын аңдаймыз. Тіпті, оның алаш мүддесі үшін бел шешіп күрескерлік жолға түсуінде қазақтың ескі салты, халықтың әншілік-жыршылық дәстүрі сақталып, мейлінше өрбіген Арқа өңірінде туып-өскендігінің әсер-ықпалы зор болғандығы оның өмір жолдарынан да, шығармашылық мұраларынан да жақсы аңғарылады. Біз бұл туралы Әлиханның ұлт мүддесі үшін қандай сара жолды таңдағаны, қай сұрлеуге түскендігімен байланыстыра тереңірек тоқталып, оралып соғамыз...

(Соңы 5-бетте)



БАЛА БАҚЫЛАУСЫЗ
ҚАЛМАСЫН

3-бет



ЖЕКЕМЕНШІККЕ ҚҰҚЫҚТЫ
ЖЕДЕЛ ЗАҢДАСТЫРҒАН
ЖӨН

4-бет



ҚАСИРЕТ

8-бет

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОБАЛАР ИГІЛІГІН КІМДЕР КӨРІП ЖҮР?

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ДАМУДЫҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ҚОРЫ «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫ МЕН ДАМУ АГЕНТТІКТЕРІНІҢ ЕУРАЗИЯ АЙМАҒЫНДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕСТІГІ» ДЕП АТАЛАТЫН ЖҰМЫС ҚҰЖАТЫН ЖАРИЯЛАДЫ. ОЛ АРМЕНИЯ, ӘЗІРБАЙЖАН, БЕЛАРУСЬ, ГРУЗИЯ, ҚАЗАҚСТАН, ҚЫРҒЫЗСТАН, МОНҒОЛИЯ, ӨЗБЕКСТАН, РЕСЕЙ, ТӘЖІКСТАН ЖӘНЕ ТҮРІКМЕНСТАНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖОБАЛАРЫНЫҢ АШЫҚ ДЕРЕК ҚОРЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН.

Сарапшылар зерттеуіне қарағанда, Еуразия аймағындағы 2009–2021 жылдары 2900-ге жуық техникалық әрекеттестік жобасы жүзеге асырылыпты. Оның 65 пайызы халықаралық қаржы ұйымдарының, 35 пайызы даму агенттіктерінің үлесіне тиеді.

(Соңы 3-бетте)

Судья болу мантия киюмен өлшенбейді. Мемлекет атынан төрелік ететін адам үлкен жауаптылықты сезінуі, шексіз шектеулерге көнуі, көпшіліктің көз алдында жұмыс істеуге үйренуі керек. Өйткені, судья әділдік, туралық ұғымының символы, қоғамда ортақ тәртіпті сақтаудың, кісілік келбетін жоғалтпаудың жарқын үлгісі.

СУДЬЯ БОЛУ МАНТИЯ КИЮМЕН ӨЛШЕНБЕЙДІ

Тәуелсіздік алған жылдардан бері жүргізілген реформаларда сот корпусын сапалы, білікті, білімді мамандармен қамтамасыз етудің барлық мүмкіндіктері қарастырылды. Бұрын судья болуға заңгерлік білім мен тәлімгердің бір ауыз қолдау сөзі жеткілікті еді. Ал қазір заң саласын жетік білумен қатар, мемлекеттік тілді меңгеруі, өз ойын толық жеткізіп, көркем сөйлей алуы, көңіл-күйдің жетегінде кетпей, ақ пен қараны дәл айыратын қабілетінің болуы назарға алынады. Ол үшін сот жүйесі уақыттың сын-қатерлеріне сәйкес үздіксіз жетіліп отыруы тиіс. Заңды сақтау – әрбір судья үшін бұлжымас талап болуы тиіс.

Қазіргі судьялар әмбебап. Бүгінде жаңа технология жетістігінен хабары жоқ, заманауи жаңашылдықты меңгермеген судьяны кездестірмейсіз. Жоғарғы Сот тарапынан қолға алынған жаңғыртулар қазылардың заман көшінен қалмауына ықпал етті. Соның арқасында әлемді әбігерге салған коронавирус кезінде сот саласы өз жұмыс ырғағынан жаңылмады.

Үлкен конкурстан іріктеліп сот корпусына қабылдану – судья үшін жауаптылықтың алғашқы баспалдағы ғана. Ал халықпен етене жұмыс істейтін бұл мамандық иелері үнемі ізденіп, еңбектеніп, білімін жетілдіріп отыруы керек. Осы мақсатта Жоғарғы Соттың академиясында судьялардың біліктілігін көтеруге бағытталған дәрістер ұдайы ұйымдастырылады. Сонымен қатар, аудандық, облыстық соттар қолға алатын дөңгелек үстел, семинар, кеңестердің де әріптестерімізге берері мол. Мұндай шаралар арқылы әріптестер бір үйлесімде жұмыс істеуге, бірыңғай тәжірибе қалыптастыруға, сонымен бірге салада кездесетін жетістіктерді әрі қарай жетілдіріп, кемшіліктермен бірге күресуге мүмкіндік алады.

Судьялар бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыста да белсенді. Соттағы өзгерістерді, оң істерді судьялардан артық ешкім білмейді. Саладағы кемшіліктерді де судьялар сияқты жетік түсінетін маман аз. Сондықтан, судьялар сот саласына қатысты сауалдарға түбегейлі жауап беріп, халықтың, төртінші билік өкілдерінің құқықтық сауатын көтеруге әрқашан дайын. Құқықтық тақырыпты жазатын журналистер аз болғандықтан, бізде заңдарды тәпсірлеуде, сот шешімдері мен үкімдері бойынша пікір қалдыруда өрескел қателікке орын беру жағдайлары жиі кездеседі. Әсіресе, судьяның жеке өміріне араласу, судьяның жақындарының кемшілігін жариялау арқылы рейтинг жинау жиілеп барады. Соған орай, соттарда арнайы БАҚ жұмысын үйлестіруші судьялар белгіленіп, олар журналистерге заңдарды, ондағы өзгерістерді дер кезінде түсіндіріп, сот жұмысын, судья еңбегін жазудың негізгі ерекшеліктерін көрсетуге барынша көмектесіп келеді.

Судьялардың халықпен диалогқа дайын екенін әлеуметтік желідегі парақшаларынан да аңғаруға болады. Әлеуметтік желі – ақпарат алмасатын алаң ғана емес, бұл білімдік мойындататын, білгеніммен бөлісетін, ортақ мәселелерді сауатты да мәдениетті талқылайтын орын. Мұндағы соттар мен судьялардың парақшалары да мағыналы, маңызды ақпараттарға бай. Қазылардың жазғанынан күнделікті оқып, бақылап жүрген жандардың да адаспайтыны, құқықтық сауатының артатыны талассыз. Осының өзі судьяның мемлекет атынан шешім, үкім шығарушы рөлінің әлдеқайда өскенін аңғартса керек.

Нұрлан КАЛИБЕВ,
Наурызбай аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ТАЛАП ҚОЮ МЕРЗІМІ БЕЛГІЛЕНГЕН

Сот саласындағы реформалар халықтың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғауға бағытталған. Жаңашылдықтар азаматтардың уақыттан ұтылмауын, қаржыдан қысылмауын, қызметке әуре-сарсаңсыз, ашық қолжеткізуін қамтамасыз етуді көздейді. Бұл талаптар Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте толық ескерілген. Соның ішінде, заңнамада әкімшілік істер бойынша талап қою мерзімі жан-жақты көрсетілген.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 136-бабында сотқа талаппен жүгінудің мерзімдері нақты дәйектелген. Соған сәйкес, әкімшілік істі алдын ала тыңдауға дайындық жүргізу барысында судья бұл мерзімнің сақталуын міндетті түрде тексереді. Өйткені, қазіргідей ақшадан уақыттың бағасы артқан заманда соттағы әрбір қадамның заңды түрде бекітілуі кезек күттірмейді. Қазақстандағы әкімшілік әділет институтының құқықтық қаруы саналатын жаңа кодексте талап қоюдың төрт түрі жіктеліп берілген. Осы талап қоюлар мерзімі әртүрлі. Мәселен дау айту, мәжбүрлеу туралы талап қоюлар түскеннен кейін шағымды қарайтын орган шағымды қарап, нәтижелері бойынша шешім шығарады. Осы шешім табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде сотқа беріледі.

Ал егер заңда сотқа дейінгі тәртіп көзделмеген немесе шағымды қарайтын орган болмаса ше? Мұндай жағдайда талап қою әкімшілік акт табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде беріледі.

Сондай-ақ, әрекет жасау туралы талап қоюда азаматтардың әрекетің жасалғаны туралы мәлім болған кезден бастап бір ай ішінде сотқа шағым бере алады. Бұдан бөлек, тану туралы талап қою барысында тиісті құқықтық қатынас туындаған кезден бастап бес жыл ішінде сотқа талап беру реті қарастырылған.

Әкімшілік әділет институтының енгізілгеніне бір жылдан асты. Осы кезеңде әкімшілік соттарға түскен шағымдардың ауқымды бөлігін сот орындаушылар әрекетіне қатысты шағымдар құрағаны мәлім. Жаңа заңда сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау әрекетіне қатысты талап қою мерзімі де айрықша дәйектелген. Соған сәйкес, сот орындаушысы негізсіз әрекет жасаған, немесе әрекет жасаудан бас тартқан жағдайда, азаматтар бұл туралы белгілі болған күннен бастап он күннің ішінде талап қоюмен сотқа жүгінуге болады.

Кодексте әкімшілік рәсімге қатыспаған адамның талап қою тәртібі де ұмыт қалмаған. Соған орай әкімшілік актінің қабылданғаны туралы адам білген немесе білуі мүмкін болған күннен бастап бір ай ішінде талап қоюмен жүгінуге болады. Бұл жерде азаматтар әкімшілік акт қабылданған күннен бастап бір жылдан кешіктірмей сотқа талап қоюды беруге құқылы екенін қаперінде ұстағаны абзал.

Шағым берген соң азаматтардың оның қорытындысына риза болмайтын, шағымды қарайтын органның қызметіне көңілі толмайтын кездері де аз емес. Соған орай азаматтар шағым бойынша шешім табыс етілген кезден бастап бір ай ішінде не шағымды қарау мерзімі өткен соң

нақты шешім қабылданбаса, талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің артықшылығын, жаңа қырларын түсіндіру, насихаттау бойынша судьялар жан-жақты жұмыс жүргізіп келеді. Алайда, қарапайым халықтың бәрі құқықтық сауатын арттырып, заңдағы өзгерістер мен толықтыруларды үнемі қадағалап отырмайды. Соның кесірінен талап қою мерзімін өткізіп алатын кездердің де кездесетінін жасырмаймыз. Талап қоюды беруге арналған мерзімді азаматтар дәлелді себеппен өткізіп алған жағдайда сот Азаматтық процестік кодексе қағидаларына сүйене отырып мерзімді қалпына келтіруі мүмкін. Ал азаматтар талап қою мерзімін себепсіз өткізіп алған жағдайда сотқа жүгінудің өтіп кеткен мерзімін қалыпқа келтіру мүмкін емес. Соған орай талап қою қайтарып беріледі. Сондықтан, талап қою қайтарылмасын десеңіз, құқықтық сауатыңызды көтеріңіз!

Мақсат САДЫҚОВ,
Алматы облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ЗАҢЫ МЫҚТЫ ЕЛДІҢ ҚОҒАМЫ ТЫНЫШ

Сот төрелігі қағидаттарын халықаралық талаптарға сай бекіткен негізгі құжат – Конституция. Ата Заңда сот билігі мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретінде регламенттелген. Ал осы үшінші биліктің жұмысын ұйымдастыруда назарға алынуы тиіс заңнама – «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заң. Мұнда соттың міндеті мен мақсаты жүйеленіп берілген.



Осы негізгі құжаттарға сүйене отырып тәуелсіздік алған сәттен бері саланы жандандыруға серпін берер көптеген жобалар мен бастамалар, іргелі реформалар жүзеге асырылды. Жобалардың сәтті іске асуы судьяларға байланысты болғандықтан, қазыларға деген талап күшейтілді. Еліміздегі заң үстемдігін қамтамасыз ету үшін судьялардың тәуелсіздігіне кепілдік беріліп, материалдық жақтан ешкімге жалтақтамай қызмет етуіне жағдай жасалды.

Реформа дегенде алдымен еске түсетіні – соттардың мамандандырылуы. Бұл әр салаға қатысты істерді сапалы қарайтын судьялар шоғырын қалыптастыруға негіз қалады. Сот төрелігін цифрландыру бойынша атқарылған жұмыстар да көпшіліктің көз алдында. IT сервисті жетілдіру, сот мәжіліс залдарын толықтай дыбыс-бейне жазу құрылғыларымен жабдықтау, сот құжаттарының электрондық айналымын жолға қою сот пен халық арасын барынша жақындатты. Цифрландыру бағытындағы жаңашылдықтар сот ашықтығын қамтып, азаматтардың әуре-сарсаңын азайтты.

Жоғарғы Соттың мұрындық болуымен 2018 жылы қолға алынған «Сот төрелігінің жеті түйіні» жобасы да жаңа реформалардың үздік жиынтығы. Бұл жобаны дайындауға судьялардан бөлек, заңгерлер, адвокаттар, мемлекеттік орган, үкіметтік емес ұйым өкілдері,

жалпы сот саласының дамуына шын жаны ауыратын, жүйенің жандануына азаматтық үлесін қосқысы келетіндердің барлығы атсалысты. Сот реформасы жоғарыдан емес, төменнен бастау алды. «Кеңескен істе кемшілік болмайды» демекші, көпшілік пікірі мен ұсынысына сай дайындалған бұл жоба алғашқы жылдары-ақ жоғары нәтиже көрсетті.

«Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Сапалы нәтиже», «Smart-сот», «Коммуникациялық стратегия» және «Сотқа дейін, сотта татуласу» деп аталатын жобалардың сот қызметін ширатып, білікті мамандар шоғырын көбейтуге ықпалын тигізгені даусыз.

Заңнамаларды уақыт талабына сай жаңартып отыру маңызды. Соңғы он жылда процестік заңдар барынша жаңартылды. Қылмыстық, Қылмыстық процестік кодекстер және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексе, Азаматтық процестік кодексе қоғам сұранысына сай жасалды. Соның ішінде «Медиация туралы» заң қазақтың қанында бар бітімгершілікті дамытуға серпін берсе, «Алқабилер туралы» заң демократияға жасалған қадам ретінде жоғары бағаланып отыр. Ал бытырғы жылы қолданысқа енгізілген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексе мемлекет пен билік арасын жалғаған, азаматтар мүддесіне басымдық беріп, ел игілігіне қызмет еткен құжаттардың бірегейіне айналды.

Еліміздің кез келген азаматы өз құқығын қорғау үшін заңгер болуға міндетті емес. Мұндай қызмет жүктелген адвокат, заң, прокуратура органдары бар. Қазақстан халқына ортақ міндет – құқықтық мемлекетті дамытқымыз келсе біз заңды сыйлауға және оны мүлтіксіз орындауға тиіспіз. Сонда ғана елімізде тәртіп, ынтымақ, өсіп-өркендеу болады. Заңға бағынған, соты беделді мемлекетке инвестиция келеді, бизнес дамиды, тұрғындардың әл-ауқаты жақсарады. Сот реформасын жүргізудегі түпкі мақсат – осы.

Айдар УТЕБЕКОВ,
Бостандық аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің күшіне еніп, жаңа әкімшілік соттардың жұмысқа кіріскеніне де бір жылдан аса уақыт өтті. Осы аралықта ел тұрғындары кодексте айтылған жаңашылдықтардың шын мәнінде қоғам мүддесіне сай, азаматтар игілігі үшін жасалғанына тәжірибе жүзінде нақты көз жеткізді.

ӘКІМШІЛІК ІСТЕРДЕГІ МЕДИАЦИЯ

Әкімшілік әділет институты құқықтық кеңістікке түбегейлі бетбұрыс жасаған, тарихи маңызы зор жаңалық болғаны рас. Мұндағы артықшылық аз емес. Соның бастысы – әкімшілік талап арыздар берілген сәттен бастап іс сотта қозғалған болып есептелетініне қатысты. Бұдан бөлек, сот барысында азаматтар өз талабының дұрыстығын дәлелдеп жатпайды, керісінше мемлекеттік органдар өз қадамының негізгі екенін дәлелдей алмаса, сотта жеңілуіне тура келеді.

Әкімшілік әділет институты судья құзыретін кеңейтуімен де құнды. Сонымен бірге, заң талабына сай жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттік органдар арасында дау туындаған кезде татуласуға мүмкіндік берілгені де ерекше өзгерістің бірі.

Жалпы, қазақстандық сотта дауларды татуластыру арқылы шешуге айрықша назар аударылып келе жатқаны мәлім. Алғашында азаматтық істерді сотқа дейінгі балама тәсілдер арқылы шешуге көңіл бөлінсе, кейін қылмыстық істерде медиация еркін қолданысқа енгізілді. Алайда дау тараптарының бірі мемлекеттік органдар болса, татуластыру, бітімге келу келісімдері жасалмайтыны бұрын нақты көрсетілген еді. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі осы қағиданы түбегейлі өзгертті. Осылайша жаңа кодекстің тәжірибеге енгізілуімен әкімшілік істердегі жеке тұлғалар мен мемлекеттік органдардың татуласуына жол ашылды. Яғни, ендігі жерде жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына ешқандай кедергі жоқ.

Мұның барлығы кодекстің 120-бабында толық көрсетілген. Соған орай, бүгінде тараптар әкімшілік процестің барлық сатысында татуластыруға қол жеткізеді. Ең бастысы, екі жақ сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасап, сол арқылы

әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Мұндай келісім жазбаша нысанда жасалатынын да қаперде ұстаған жөн. Онда тараптарды татуластыру шарттары, сот шығыстары, өкілдер қызметіне төленетін ақы толық қамтылуға тиіс.

Татуласу туралы өтінішхатты қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы ұйғарымды тек сот шығарады. Сәйкесінше, сот татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім шарттары заңға қайшы келген жағдайда келісімді бекітпейді. Сондай-ақ, татуласу рәсімі басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзатын жағдайда да судья келісімді бекітпейді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексе талаптарына сүйенген судьялар тараптардың татуласуы үшін барлық шараларды қабылдап келе жатыр. Судьялар дауды процестің бүкіл сатысында реттеуге заңдық тұрғыда жәрдемдеседі. Медиацияның тиімділігін, ыңғайлылығын, қаржыны, уақытты үнемдеп, сыйластықты, жүйкені сақтауға көмектесетінін алға тартады. Осындай түсіндіру, насихат жұмыстарынан кейін тараптар дауды ортақ келісіммен шешудің оң тетіктерін қолдамаса, татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімге қол жеткізбесе немесе сот келісімінің шарттарын бекітпесе, әкімшілік іс жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Қазіргі кезде әкімшілік сотқа 791 талап-арыз түссе, оның 94-і тараптардың татуласуымен аяқталған. Осы бағытта тұрақты жүргізіліп келе жатқан насихат, түсіндіру жұмыстарының алдағы уақытта жақсы нәтиже берері күмәнсіз.

М.ОНЛАСОВ,
Түркістан облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МӘСЕЛЕ

БҮГІНГІ ТАҢДАУ – ЕРТЕНГІ БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан бүгінде еліміздің барлық өңірлерінде, еңбек ұжымдарында, қоғамдық ұйымдарында кең ауқымды талқылау жүріп жатыр. «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» дегендей, бұл тұрғыда барша қауым кеңінен зерделеп, тереңнен саралап, сарабал шешім қабылдауға ұмтылуда. Маңызды істе әрбір азамат өз жауапкершілігін айқын сезініп отыр. Бұл ретте болашақ ел басшысының азаматтық келбеті, ұстанымы, білімі, тәжірибесі, елге сіңірген қызметі тұлғалық болмысы айрықша назарға алынуда. Бұл өлшемдерге негізінен қазіргі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сай келіп отыр.

Мәселен, республикалық генералдар кеңесі төралқасының жуырда өткен кезекті басқосуында осындай шешім қабылданды. Ұзақ жылдар бойы мемлекет мүддесіне абыроймен қызмет еткен Қазақстанның Қарулы күштері мен құқық қорғау органдарының генералдары, ардагерлері өздерінің бұл шешімін Мемлекет басшысының қырқүйек айындағы жолдауымен байланыстырды. Олардың айтуынша, әділетті Қазақстанды құруға бағытталған реформаларды табысты іске асыру үшін халық сенімінің жаңа мандаты қажет. «Президенттік мандаттың бір реттік 7 жылдық мерзімін енгізуді ашық демократиялық мемлекеттің дамуындағы түбегейлі шара деп санаймыз. Бұл кадам еліміздің жаңа саяси дәуірінің алтын казығына айналады. Әлемдегі күрделі геосаяси жағдай кезінде бейбітшілік пен келісімді бағалай білу қажет. Біз, ел егемендігінің қорғаны болған офицерлер, тәжірибелі, қоғамға қызмет етуге дайын саясаткер Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын сайлауға ұсынамыз», – дейді отставкадағы генерал-майор, «Генералдар кеңесі» РҚБ төрағасы Махмұт Төлеуғсов.

Ұлттық волонтерлер желісі де Тоқаевты Президенттікке кандидат ретінде қолдап отыр. Астана қаласында өткен Ұлттық волонтерлік желісі ұйымдарының жиналысында волонтерлер осындай бастама көтерді. Өздеріңізге белгілі, соңғы жылдары еліміздің волонтерлік қозғалысы жалпыұлттық масштабқа ие болуда. Айналадағы өмірді жақсы жаққа өзгертуге, көмек көрсетуге және мейірімділік жасауға күштері бар екендігін сезіп жатқан қазақстандықтардың саны артып келеді. Бүгінде Қазақстанда 200 мыңнан астам волонтерді өз жұмысына қатыстыратын 600-ден астам ұйым жұмыс атқарып жатыр. Бұл – тек азаматтар мен азаматтық қоғамның ғана емес, сонымен қатар қайырымдылық және волонтерлік

қызмет арқылы әлеуметтік әріптестіктің әлеуетін жоғарылатуда, мемлекеттің дамуында волонтерлердің жоғары рөлін және маңыздылығын түсінетін мемлекеттің де еңбегінің жетістігі.

Волонтерліктің дамуында еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қосқан елеулі үлесін атап өту маңызды. Оның тікелей қолдауы нәтижесінде халықаралық және республикалық деңгейлерде волонтерлік қызметті дамыту бастамалары және бірқатар стратегиялық маңызды құжаттар қабылданды. Президент 2020 жылды Волонтер жылы деп жариялау бастамасын қолдады. Бұл шешім өте маңызды рөл атқарды. Себебі, COVID-19 пандемиясымен күресте медицина және өзге де қызметкерлермен бірдей алдыңғы қатарда волонтерлер де болды. Бұл волонтерлік жобалар үшін гранттарды дамытуға, пандемия кезінде көрсеткен азаматтық белсенділігі үшін «Халық алғысы» мемлекеттік медалін тағайындап 5 мыңнан астам қазақстандықтарға табыстауға ықпалын тигізді.

Ұлттық волонтерлік желісінің төрағасы Вера Ким өз үндеуінде: «Осы жылдар ішінде Мемлекет басшысы еріктілік саласындағы барлық маңызды бастамаларды қолдай отырып, бірнеше рет волонтерлер мен волонтерлік ұйымдардың еңбегін жоғары бағалады және шын жүректен алғысын айтты. Президент волонтерлерге «ізгі ниеті мен таза ар-ожданы бар асыл адамдар» ретінде сенім артады. Бұл бізді шабыттандырмауы мүмкін емес. Қазақстан Президентіне деген сенім мандатымыз еліміздің көркеюі мен халқымыздың мүддесі үшін бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен ауқымды реформаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретініне сенімдіміз. Біздің Президентіміз волонтерлік қозғалысты қолдайды, ендеше біз де өз Президентімізді қолдайық!» деп отыр.

«Қазақстан ардагерлері» қауымдастығы да Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын алда өтетін Президент сайлауына ұсынды. Жиын тізгінін ұстаған ұйым төрағасы Бахытбек Смағұл бұл байламдарын «Президент ардагерлер мен түрлі әлеуметтік топтардың өкілдерін әрдайым қолдап келеді. Біз ардагерлер соғыстың не екенін бір кісідей білеміз әрі бейбіт өмірдің қадірін өте жақсы түсінеміз. Тұрақтылық – кез келген мемлекет үшін дамудың ең басты кепілі. Сондықтан, біз Қасым-Жомарт Тоқаевты президент сайлауына кандидат ретінде ұсыну туралы шешім қабылдадық», – деп түсіндірді.

Мәслихаттар депутаттары бірлестігі де

ҚР Президенттігіне Қ.Тоқаевты ұсынды. Ұйым арнайы шақырған кезектен тыс конференциясында бұл мәселені кеңінен талқылап, осындай шешімге келді. Бұл қадамдарын бірлестік төрағасы Төлеубек Мұқашев: «Тұрақсыз геосаяси әрі экономикалық жағдай кезінде қоғамның бірлігі мен ынтымағы бірінші орынға шығады. Сондықтан, Қасым-Жомарт Тоқаевтың тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз етудегі, мемлекет дамуындағы ерекше рөлін ескере отырып, біз оны алдағы Президент сайлауына кандидат ретінде ұсынамыз», – деп түсіндіріп отыр. Осы орайда бірлестік мүшелері барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары екенін атап өткен жөн. Олардың жалпы саны 3276 адамды құрайды.

Қазақстанның Азаматтық альянсы мүшелерінің де таңдауы Қ.Тоқаевқа түсіп отыр. Жуырда ұйымның жоғары басқару органы – конференция өткізіп, оған еліміздің жиырма өңіріндегі Азаматтық альянстың көшбасшылары қатысты. Алқалы жиында ұйымның президенті, конференция төрағасы Бану Нұрғазиева жиналысқа қатысушылардың алдында сөз сөйлеп, ел Президенті «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғырту жолы» атты жолдауында қоғамдық ұйымдардың қызметін елдің орнықты және жан-жақты ілгерілеуінің маңызды факторы деп айтып, және қоғамдық ұйымдар мен белсенділерді реформаларды дайындау мен іске асыруға кеңінен және тереңірек тартуға шақырғанын еске алды. Сонымен қатар, Бану Нұрғазиева әлемдегі күрделі геосаяси жағдайға қарамастан, Қазақстанда саяси жаңғыру, экономиканы қайта құрылымдау, әлеуметтік саланы дамыту жоғары қарқынмен жүріп жатқанын атап өтті. Елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің барлық салаларында елеулі өзгерістер болып жатқанын айта келіп, Президент алғашқы күндерінен бастап сындарлы диалогқа, билік пен халық арасында тиімді кері байланыс орнатуға бағытталған «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсына отырып, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа форматын белгілегенін, сондықтан халық өзгерістерге және ел Президентіне сенімін білдіреді деген ойын ортаға салды. Өңірлік альянстардың көшбасшылары да өз сөздерінде Президент ұсынған барлық бастамалар мен реформаларды Қазақстан азаматтары талап ететінін, өйткені олар халықтың, қарапайым адамдардың мүдделерінен туындайтынын айтты.

А. ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

Мамандар соңғы кездері балалардың арасында агрессиялы көңіл-күйдің көбейіп кеткенін айтып, дабыл қағуда. Бұл мәселенің себебі мен салдары қалай? Оны қалай анықтап, балаға қалай жәрдемдесуге болады?



БАЛА БАҚЫЛАУСЫЗ ҚАЛМАСЫН

Агрессия бұл – физикалық, эмоциялық қысым сипатындағы күй. Агрессия эмоционалдық тепе-теңдікке қол жеткізу мақсатында, тиісті көңіл бөлінбеген жағдайда өзіндік «эгосын» көрсету барысында пайда болады. Алғашқы белгілері жасөспірімдік кезең басталғанда, шамамен, 11 жаста көріне бастайды. Ішкі фактор ретінде гормондардың әсерін, яғни үлкен болып көрінуге ұмтылыс, ата-ананың ескертпесіне ашулы көңіл-күймен қарау, жануарларға агрессия таныту белгілерін қарастыруға болады. Тіпті, бұл белгілі бір аурудың салдары да болуы мүмкін. Сыртқы фактор ретінде балалар арасындағы буллингтің жиілеуін айта аламыз. Қазіргі таңда буллинг, кибербуллинг секілді түрлері көбейуде.

11-15 жас аралығындағы жасөспірімдердің 17%-ы бір не бірнеше рет буллингті бастан кешірген. Буллингтің белгілері – қорқыту, ұру. Кей оқиғаларда өлім фактілеріне де әкеліп соғады. Қалай мектеп табалдырығын енді аттаған бала қатыгездікке үйренді? Әрине, бұған виртуалды әлем өз әсерін тигізеді. Бала смартфондағы түрлі бейәдеп сөздері бар бейнежазбалар, атыс-шабыс ойындары арқылы жағымсыз әдеттерді бойына сіңіріп, шынайы өмірге қатігездікпен өтуі мүмкін. Қалай десек те, бала психологиясын түсіну қиын.

Ольга Александрова, психиатр-дәрігер: «Шын мәнінде, балалардың жүйке жүйесі әлсіз келеді. Бала тәнінің сау болуы үшін оларды түсініп, көбірек сөйлесу қажет. Себебі, бала жауабын таба алмаған сұрақтар көп болуы мүмкін. Тағы да балалардың бос уақытын тиімді жоспарлау маңызды. Бос уақыт шамадан тыс көп болуы негативті ойлардың келуіне әкеледі. Бала – жеке бір тұлға. Оларды ести білу керек. Қазіргі таңда ата-аналардың көп уақыты қызметте өтеді, балаға көңіл бөлу азайып жатыр. Сол себепті, бала да кей жағдайда ата-анасын мойындамай жатады. Бұндай кездерде балаға шектеу қоюдың қажеті жоқ. Жалғыз шешім – қарым-қатынас. Баламен сөйлесу керек, оған деген махаббатты білдіру керек» – дейді.

Болашақ сау қоғам өкілін тәрбиелеп отырған ата-ана ретінде баланы түсіну маңызды. Алматы қаласының отбасыларының бірінде мынадай жағдай орын алған. А. есімді қыз бала жасөспірім жасқа жеткен шақта өзіндік менін көрсете бастайды. Яғни, ата-анасы тарапынан қойылған шарттарды орындауды қаламайтынын білдіреді. Оны ата-анасы қызының бойына «шайтан кіріп кеткен» деп бағалап, молдаға апарды. Молданың «шайтанды шығару» әдісі қамшымен ұру болатын. Тіпті, бұл әдіс бірнеше күнге жалғасқан. Қыз бала анасынан орындауды қаламайтынын біліп, жалынады. Ата-анасы келіседі. Алайда физикалық қысымды ойына қабылдаған ол түнде әкесінің басынан балтамен ұрады, қыздың әкесі ауруханаға түсіп, аман қалды. Ал қыз бала психологиялық денсаулық орталығына түсті.

Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде оқушылар арасындағы ұру, қорлау тақырыбындағы бейнежазбалар жиілеп кетті. Кейбір фактілерде өлім оқиғалары тіркелген. Балалар неге өздерінің өктемдігін мұндай әдістермен білдіре бастады? Ұрып-соғу секілді агрессия баланың отбасынан, фильмнен көрген әсерлерінен болуы мүмкін. Қолайсыз отбасында дүниеге келген бала әкесінің анасын ұрғанын көретін болса, фильм қаһармандарының ессіз қылықтар жасағанына куә болса, онда үйден жиналған жағымсыз энергияны ол басқаларға жіберу арқылы буллинг жасайды. Буллингтің тағы да бір себебі – өз артықшылығын білдіру, үйден алынбаған жылулық орнын сырттан толтыруға тырысу. Сонымен қатар буллингтің түрлері – мазақтау, ақша талап ету, бойкот жариялау, манипуляция жасау. Қазақстанда балалардың 44 %-ы құрдастары тарапынан мектепте буллингтің құрбаны болған.

Буллингпен қалай күресеміз? Әрине, бұл жерде алдымен психолог мамандардың көмегі маңызды. Одан кейін отбасындағы сыйластық пен махаббат – барлық жұмбақтың шешімі.

Айзада СЕРІКОВА,
Тұран университетінің студенті

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОБАЛАР ИГІЛІГІН КІМДЕР КӨРІП ЖҮР?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Институционалдық және әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдетуге қажетті бұл жобалардың басым бөлігі мемлекеттік басқару, экономикалық даму, макроэкономика, денсаулық сақтау және ауылшаруашылығы салаларын қамтиды. Атап айтқанда, оның 709-ы мемлекеттік басқару, 667-сі макроэкономика, 238-і экономикалық дамуға қатысты.

Жалпы, техникалық әрекеттестік жобаларының 1590-ы Тұрақтылық пен дамуының еуразиялық қорына мүше – Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан елдерінде жүзеге асырылды. Ал аймақтағы Әзірбайжан, Грузия, Моңғолия, Түрікменстан, Өзбекстанда бұл көрсеткіш 1216-ны құрады. Тек 64 жоба бірнеше елді қамтыды. Сондықтан қорға мүше мемлекеттер арасында халықаралық қаржы ұйымдары мен даму агенттіктерінің техникалық әрекеттестік жобаларының саны жағынан үздік үштікке Армения (336 жоба), Қырғызстан (326 жоба), Тәжікстан (282 жоба) енді. Ал Еуразия аймағы бойынша өңірлік 64 жобаны қоспағанда, бірінші орынды Армения (371), екінші орынды Қырғызстан (328), үшінші орынды Өзбекстанға (371), төртінші орынды Грузия (317), бесінші орынды Моңғолия (310), алтыншы орынды Тәжікстан (284), жетінші орынды Ресей (253), сегізінші орынды Қазақстан (197), тоғызыншы орынды Беларусь (188), оныншы орынды Әзірбайжан (170), иеленді.

Тұрақтылық пен дамуының еуразиялық қоры сарапшыларының есебіне қарағанда халықаралық қаржы ұйымдары мен даму агенттіктері тарапынан жүзеге асырылған жобалардың санына қарамастан

аймақтағы шешілмеген құрылымдық, экономикалық және әлеуметтік мәселелер донорлық қауымдастықтардың алдағы әрекеттерінің үйлестірілуін қажет етуде. Бұл қор 2009 жылы 9 маусымда құрылған болатын. Оның алға қойған мақсаты – мүше мемлекеттердің әлемдік қаржы дағдарысының салдарын еңсеруіне ықпалдасу, экономикалық және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етіп, аймақтағы ықпалдастық процестерді қолдау.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



ТАТУЛАСТЫРУ – ТАҒЫЛЫМДЫ ІС

«Ел даусыз болмас» демекші, даудың кез келген қоғамда болғаны және бола беретіні анық. Ертеде ел арасындағы мұндай дау-жанжалдарды «от ауызды, орақ тілді» би-шешендеріміз ауыздықтап, тараптарды татулыққа шақырып, дауларды сотсыз бітіммен шеше білген. «Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан»,– демекші ел арасындағы ұсақ-түйек дауларды шешуден бөлек, әлемге тарыдай шашылған қазақтың басын бір арнада тоғыстырып, мемлекет араларындағы оңтайлы саясатты жүргізуге де атсалысқанын тарих беттерінен білеміз.

Бүгінде арада бірнеше жыл өткеніне карамастан, «татуласу – дауды шешудің ең тиімді әдісі» екені айтылып, дау-жанжалдарды бітіммен шешу қайта жаңғырып отыр. Өткенге көз салсақ, судьялардың V съезінде дауларды шешудің баламалық әдісі, яғни медиация институтын енгізу туралы тапсырма берілген еді. Аталған тапсырманың жемісті жүргізілуінің нәтижесінде 2011 жылдың 28 қаңтарында «Медиация туралы» заң қабылданып, қолданысқа «медиация», «медиатор» атты ұғымдар енгізілді. Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі болса, медиатор – кәсіби немесе қоғамдық негізде медиация жүргізу үшін тараптар тартатын тәуелсіз жеке тұлға. Сондықтан, бүгінгі бітімгершілік арқылы тараптарды бір тоқтамға, яки мәмілеге келтіру – билер сотының рухани жаңғырған жалғасы десек қателеспейміз.

Дауды шешудің медиация тараптарын қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу, тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету медиацияның басты мақсаты болып табылады. Ал, медиация жүргізілген кезде – еріктілік, тараптардың тең құқылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы,

рәсімге араласуға жол бермеушілік, құпиялық қағидаттары басшылыққа алынады. Сондай-ақ, медиация тараптары медиаторды ерікті түрде тандауға, бас тартуға, медиацияның кез келген сәтінде оған қатысудан бас тартуға, медиацияны жүргізуге жеке өзі немесе өкілеттіктері заңда белгіленген тәртіппен рәсімделген сенімхатқа негізделген өкілдері арқылы қатысуға құқылы. Осы орайда, әлем елдерінде де аталған институттың белсенді екенін атап өткен жөн. Мәселен, медиация АҚШ, Англия, Австрия, Германияда кеңінен қолданылады. Тіпті, алпауыт АҚШ-та судья сот отырысын тоқтата тұрып, тараптарды медиатордың көмегімен келісімге келуге жіберуге құқығы бар екен.

Бүгінде аталған заңның аясында республика бойынша «татуластыру – тағылымды іс» екені тоқтаусыз насихатталып келеді. Сондай-ақ, тараптардың дауын сотқа жеткізбей реттеу мақсатында өңірде медиация кабинеттері, татуластыру орталықтары ашылған. Мұндай орталықтарда тәжірибелі деген медиаторлар азаматтарға дауларды шешудің тиімді жолдарын ұсынады. Сондай-ақ, өңірде Билер кеңесі құрылған. Жалпы, еліміз бойынша 47 татуластыру орталығы мен 413 билер кеңесінің құрылуы аталған бағыттағы жұмыстың қарқынды жүзеге асырылғанының басты көрсеткіші. Осы ретте бұрын істердің тек 2-3 пайызы ғана татуласумен аяқталса, қазір бұл көрсеткіш 37 пайызға жеткенін атап өткен жөн. Бұл заманға сай жаңарған татуластыру рәсімдерінің қоғам көңілінен шыққандығының басты белгісі десек артық айтқандық емес.

Қорыта айтсақ, Мемлекет басшысы дау-дамайды шешудің баламалық тәсілдерін дамыту қажеттігін, бұл ұстаным мемлекеттің қатысуынсыз-ақ ымыраға келуге жол ашатынын айтқан еді. Сондықтан, «Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді», – демекші бітімгершілік – бірлікке бастайтынын ұмытпауымыз қажет.

Рахымжан БЕЙСЕНОВ,
Ақтау қалалық №2 сотының төрағасы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ЖЕКЕМЕНШІККЕ ҚҰҚЫҚТЫ ЖЕДЕЛ ЗАҢДАСТЫРҒАН ЖӨН

Ел азаматтарының сот пен заң алдындағы теңдігіне Конституциямен кепілдік берілген. Соның негізінде әрбір адам өзінің құқығы мен бостандығын, заңды мүддесін сот арқылы қорғай алады. Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Талап қоюды қамтамасыз ету жағдайында мүлікке тыйым салу Азаматтық процестік кодекс тәртібімен жүргізіледі. Сотта тараптардың ешқайсысына артықшылық берілмейді, олар өз ұстанымдарын тең түрде қорғайды.



Азаматтық кодекспен айқындалғандай, субъектінің заңмен қорғалатын өзіне тиесілі мүлкін өз қалауынша иеленуі, оны пайдалануы мен билік етуі меншік құқығы болып табылады. Жылжымайтын мүлікке меншік құқығы мемлекеттік тіркеуге тұрысымен туындайды. Соттарда меншік құқығына байланысты қаралатын даулар аз емес.

Бұлардың қатарында тұрғын үйге меншік құқығын тану, сатып алу-сату мәмілесін жарамсыз деп тану, өз бетімен салынған тұрғын үйге меншік құқығын тану, ортақ және мұрагерлік мүліктерді бөлу, меншік иесі құқықтарын иеленуден айыруға байланысы жоқ бұзылудан қорғау, тұрғын үйден мәжбүрлеп шығару, жекешелендіру барысында туындайтын даулар бар. Айтып өтерлігі, сотқа тұрғын үйге меншік құқығын тану туралы талап оның орналасқан жері бойынша беріледі. Соттылық ережелеріне сай келмейтін талап арыздар қабылданбайды.

Осы аталғандардың ішінде меншік құқығын тану бойынша айтсақ, мұндай талаппен азаматтардың сотқа жүгінуінің басты себебін жылжымайтын мүлік құжаттарын уақытында немесе

толық рәсімдемеуімен, яғни, меншік құқығын дер кезінде заңдастырмауымен байланыстыруға болады. Уақыт өткізіп алудың салдары түрлі келенсіздікке әкелетінін тәжірибе көрсетіп отыр. Өйткені, талапкер сотқа жүгінген кезде заң талаптары мен нормативтік құжаттар өзгеріп, рәсімделмеген меншік басқа адамның иелігіне өтіп кетуі мүмкін. Сондықтан, әрбір адам құжат мәселесінде салғырттық танытпай, жер учаскесін, саяжайын, тұрғын үйін, т.б. мүліктеріне^е меншік құқығын жедел заңдастыруы керек.

Меншік құқығын қорғауда мәмілелерді жарамсыз деп тану, сонымен қатар, ортақ мүлікті бөлісу туралы талап арыздар да жиі кездеседі. Тұрғын жайларды сатып алу-сату мәмілесін жарамсыз деп тануда ескерерлігі, талап арызда іске қатысушы тараптар жайлы мәліметтер толық әрі нақты көрсетілуі тиіс. Мәміленің жарамсыздығы танылған кезде ол бойынша алынғандар қайтарылады. Заттай қайтарып беру мүмкін болмаса, қайтарылуы тиіс мүліктің құны ақшалай өтеледі.

Ерлі-зайыптылардың неке бұзуына орай, ортақ мүлікті бөлі-

суге қатысты тоқталарлығы, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінде ерлі-зайыптылар мен балаларының меншік қатынастары, оларды қорғау шаралары жан-жақты қарастырылған.

Осы кодекске сәйкес, ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезінде алған мүліктері олардың ортақ меншігі саналады. Ортақ мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету, бөлу мәселелері екеуінің келісімімен ғана жүзеге асырылады. Олардың ортақ мүлікті бөлу туралы келісімі заңды тұрғыда нотариатқа куәландырылады.

Ортақ мүлікті бөлу, сондай-ақ, ондағы үлестерін айқындау медиация немесе сот тәртібімен жүргізіледі. Ортақ мүлік бөлінгенде көмелеттік жасқа толмаған балаларының мүдделері ескеріледі. Бұған қоса сот екі жақтың талабы бойынша әрқайсысына қандай мүліктің тиесілі болатынын анықтайды. Ерлі-зайыптылардың құны өзіне тиесілі үлестен асатын мүлікке ие болғаны екінші жұбайға соның есебінен тиісті ақшалай немесе өзгедей өтемақы береді.

Меншік құқықтарының бұзылуына қатысты даулар жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Сондықтан, бұлар күрделі істер санатына жатады. Жеке меншік құқығын қорғаудың жалпы қағидалары Конституциямен бекітілген. Ал, азаматтық заңнамада жеке меншік мүлікті пайдалану, қол сұғылған меншікті қайтару мен өндіру тәртіптері және заңсыз пайдаланудың құқықтық салдары, қол сұғушылықтан қорғау қарастырылған.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан меншік құқығын қорғау деңгейі бойынша дүниежүзілік рейтингте 129 елдің ішінде 71-орында тұр. Бұл ел азаматтарының меншік құқығы әлемдік стандартқа сай нормалармен қорғалып жатқанын көрсетеді.

Светлана СУХАНОВА,
Жетісу аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ТАРАЗЫ

САРАП

Қоғамдағы адамдардың мінез-құлқы заңды және заңсыз (құқыққа қарсы) болуы мүмкін. Құқыққа қарсы мінез-құлық азаматтық-құқықтық, тәртіптік қылықтарды, әкімшілік құқық бұзушылықтарды және қылмыстарды жасауда көрінеді.

Әкімшілік жауаптылықтың заңды негізі – әкімшілік құқық бұзушылық. Жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасалған) іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі, заңды тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады (ҚР ӘҚБТ кодексінің 28-бабы). Бұл норманы талдау барысында барлық әкімшілік құқық бұзушылықтарға тән, жалпы белгілерді анықтауға және осы белгілері арқылы заңсыз мінез-құлықты, заңды мінез-құлықты, сонымен бірге басқа да құқық бұзушылыққа тән (қылмыстар, тәртіптік қылықтар және т.б.) ерекшеліктерді айыруға болады.

Бұл белгілердің қатарына мыналарды жатқызуға болады: теріс қоғамдық әрекет; құқыққа қарсылық; кінәлілік; жазаланатын әрекет.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ САРАЛАУ РЕТІ

Осы аталғандардың ішінен бастапқы сипаттамалық белгілері болып әрекет саналады. Бұл мінез-құлықтың ерікті актісі. Ол мінез-құлықтың екі аспектісін құрайды, олар: әрекет және әрекетсіздік. Қандай әрекет теріс екендігі әкімшілік жауаптылық институттың шеңберінде заңмен анықталады. Сондықтан қандай да болмасын теріс қоғамдық әрекет әкімшілік құқық бұзушылық белгілерінің мазмұнына қатысты болмайды. Құқық нормасын бұзатын әрекетті жасау – бұл нормалар тек әкімшілік құқық нормасына жатуы ғана мүмкін емес, сонымен қатар басқа да құқық салаларына жатады. Бірақ бұл жағдайларда белгіленетін нормалар әкімшілік жауаптылық шараларымен қорғалады.

Әкімшілік құқық бұзушылық – әкімшілік жауаптылықтың негізі, ал екінші жағынан мұндай жауаптылық – әкімшілік құқық бұзушылықтың заңдылық табиғатын анықтайтын белгі. Әкімшілік құқық бұзушылық түсінігі (ҚР ӘҚБтК 28-бабы) барлық әкімшілік құқық бұзушылықтарға тән жалпы әлеуметтік-құқықтық белгілерін қамтиды. Мысалы, ұсақ бұзақылық, теріс қоғамдық, заңға қарсы, кінәлі әрекет әкімшілік түрде жазаланады. Бірақ, әкімшілік құқық бұзушылықтың әрбір түрі өзіне тән әрекетін, зардаптарын және құқық бұзушылық жасаған жеке тұлғаны сипаттайтын белгілеріне ие. Олардың жиынтығын заң ғылымында әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы деп атайды. Әкімшілік құқық бұзушылық құрамында әкімшілік құқық бұзушылық түсінігінің жалпы белгілері нақтыланады.

Сонымен, әрекетті нақты әкімшілік құқық бұзушылық деп анықтайтын әкімшілік құқықтық заңмен белгіленген элементтер әкімшілік құқық бұзушылық құрамы деп аталады. Әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілерін оның заңдылық құрамынан айыра білу қажет. Әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамында мынадай элементтер бар:

- Құқық бұзушылықтың нысаны (қандай да болмасын қоғамдық қатынастардың тұрақты жетілуіне құқық бұзушының қол сұғуы);
- Объективтік жағы (белгілеріне ережелерді бұзуға байланысты нақты әрекет);
- Құқық бұзушылықтың субъектісі – ақыл-есі дұрыс, 16 жасқа толған жеке тұлға.
- Құқық бұзушылықтың субъективті жағы, құқық бұзушының жасаған әрекетке деген психикалық қатыстылығы, яғни, қасақаналық немесе абайсыздық нысанындағы кінә. Әкімшілік құқық бұзушылық нысанының дәрежесіне қарай жалпы, текті, түрлі және нақты деп бөлінеді. Құқық нормаларымен реттелінген және әкімшілік жауаптылық шараларымен қорғалатын қоғамдық қатынастар жалпы нысан болып саналады. Оларға еңбек және халықтың денсаулығы, меншіктің түрлері, қоғамдық тәртіп, басқарудың белгілеген тәртібі және т.б. жатады.
- Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісі болып нақты әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлға саналады.
- ҚР ӘҚБтК субъектілердің 8 тобын белгілейді:– ҚР азаматтары (31, 32-баптар).– Кәмелетке толмағандар (72-бап).– Лауазымды тұлғалар (34, 35-бап).– Заңды тұлғалар (36-бап).– Артықшылықтары және әкімшілік жауаптылықтан қорғанышы бар адамдар (686,687, 688,689, 690-баптар).– Жеке кәсіпкерлер (34-бап, 3-тармағы).– Дипломатиялық қорғанышы бар адамдар (692-бап).– Шетелдіктер, шетелдік заңды тұлға-



Ғабит ТҮЛЕГЕНОВ,
Павлодар қалалық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

лар және азаматтығы жоқ адамдар (37-бап).

Заң әкімшілік жауаптылыққа тартылатын лауазымды тұлғалардың мемлекеттік және кәсіпқойлық қызметтерінің ерекшеліктеріне байланысты құқықтық режимін белгілейді.

Осыған байланысты олар 5 топқа бөлінеді:

1. Мемлекеттік әкімшілік және саяси қызметшілер;
2. Әскери қызметшілер мен жиында жүрген азаматтар, әскери міндетті адамдар.

Прокурорлар, ПО-ның қатардағы және басшы құрамдағы тұлғалары, салық полициясы мен кедендік органдар қызметі.

Тәртіптік жарғылар (темір жол, теңіз, өзен көлігі мен азаматтық авиацияның қызметі) қолданатын адамдар.

Артықшылықтары және әкімшілік жауаптылықтан қорғанысы бар адамдар (парламент депутаты, Президентке, Парламент депутатына үміткерлер,

Конституциялық Кеңес мүшелері, судьяның, ҚР Бас прокурорының жауаптылығы). Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъективті жағы – субъектінің заңға қайшы әрекеті немесе әрекетсіздігінің және оның салдарына деген психикалық қатынасы. Ол қасақаналық және абайсыздық нысан түрінде жасалынады.

Саралау – қандай да болса лауазымды тұлғаның, жасалған әрекеттердің заңдылық нормасында көрсетілген құқық бұзушылық құрамының сәйкестігін анықтауға бағытталған айқындау процесі. Ол салыстырудың қорытындысы болып жасалған әрекетке құқықтық баға беру боп саналады.

Әкімшілік құқық бұзушылық істерін қозғау және әкімшілік тергеудің бастапқы сатысында бар ақпараттар көлемі арқылы, тек қана әрекеттің құқыққа қарсы екендігі туралы қорытынды жасауға болады. Саралаудың бастапқы міндеті осы жасаған әрекеттің қандай құқық бұзушылықтың түріне жататындығын, оның ішінде:

- әкімшілік құқық бұзушылық;
- қылмыс;
- тәртіптік қылық;
- азаматтық-құқықтық қылық екендігін анықтаумен аяқталады.

Әкімшілік тергеу процесінде қаралып отырған әрекет әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңның қандай нормасына сәйкес келетіндігі туралы сұрақ шешіледі. Істі қозғау және әкімшілік тергеу сатыларында әрекетті саралау бастапқы сипатқа ие болады, жасалған әрекетке қорытынды баға беруді, әкімшілік тергеу кезінде құқық нормасын қолдануды шешеді. Жасаған әрекеттің қоғамдық қауіптілігі және құқыққа қарсылығы туралы қорытынды жасауда, саралауды жүргізетін тұлға қолданыстағы күші бар заңдарды білуі, кәсіпқойлық тәжірибесі, оның ішінде заң мен арды басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерді өз жиынтығында жан-жақты толық және объективті қарауға негізделген өзінің ішкі сезімі бойынша бағалайды. Жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілігін және құқыққа қарсылығын анықтағаннан кейін, саралаудың екінші, айрықша, күрделі сатысы басталады.

Екінші сатының міндеті осы жасалған әрекетке қандай әкімшілік құқық норма көзделгендігін анықтау болып саналады. Бұл жерде нақты қай әкімшілік құқық бұзушылық түрінің белгілеріне жататындығын қажетті түрде анықтау және салыстыру керек. Сонымен, әкімшілік құқық бұзушылықты саралау процесінің негізгі мазмұны жасалған әрекет белгілерін әкімшілік құқық бұзушылық құрамының белгілерімен салыстыру болып табылады.

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алаш арман-тілегінің басты қаһарманы, азаттығының бейнесіндей тұлға, қиын заманда тәуекелге бел буып, көшін бастаған көсемі Әлихан Бөкейхан тұлғасы біздің дәуірімізде де өзгеше сипатымен көз тартады.

Ал жапон сүрлеуіне ынтығушылығы 1904—1905 жылдардағы жапон-орыс соғысы кезінде оянғанын ол 1910 жылы Санкт-Петербурда басылып шыққан «Қазақтар» атты очеркінде баяндаған. Әлихан жапондық сүрлеуі туралы ой-көзқарастарын былайша таркатады: «Орыс-жапон соғысы басталды... Жеделхаттар жапондардың үзіліссіз жеңістері туралы хабарлар жеткізіп тұрды. Исламның жиһанкез насихатшысының аузынан бар жақсылық пен әділдік тек исламнан шығады деп еститін және оған орыстандыру саясатының тәжірибесі арқасында исламнан тыс еш жақсылық болмайтынына әбден көз жеткізген Дала халқы «жапондар қазақтармен ұлттық туыстығы бар мұсылмандар ғой» деген аңызға оп-оңай сеніп қалды. Портреттердегі жапондар мен казактардын бет-жүздерінің ұқсастығы ол аңызды растағандай болды. Міне, мұның бәрі оларды қатты қызықтырды...».

Қарапайым қатардағы дала қазақтары ғана емес, елден озып шыққан оқығандары да сол тұстарда жапон тақырыбына зор ден қойғандығын кейбір деректер растайды. Мысалы, Санкт-Петербурдың императорлық әскери-медицина академиясына оқуға түскен Халел Досмұхамедұлы 1904 жылы қазан айында Қазан қаласындағы мал дәрігерлік



АЛАШЫНА АДАЛ БОЛҒАН АЗАМАТ

институтында оқитын досы Ғұбайдолла Бердіұлына былай деп жазыпты: «өзіңнен басқа ондаған, тіпті, жүздеген қазақ баласы жоғары білім алып жатқанын көріп, бұл халық та еңбекке, ілгері дамуға қабілетті, кім біледі, бір кезде ол да әлемдік үстемдікте құрметті орындардың бірін алар, ол да екінші Жапонияға айналар дегендей небір ойға келесін».

Міне, осы сықылды, сол кезеңдерде оқыған қазақ жастарын жапонның даму үрдісі қатты қызықтырған. Ал жиырмасыншы ғасыр басындағы оқу-білімге құлшынған нақ осы толқынның халқын биікке алып шыға деп талпынып, тізе қосып, қатып түзеп еңбек етіп, ұлтын көгертсем деп белсеніп, күрес жолына шығып, Сұлтанмахмұт ақын айтқандай, «қаранғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуға» ұмтылғаны, сол талаптарының империялық дүлей саясат қысымына ұшырағаны да рас.

Алаш көсемі Әлихан болса, өз мақсатын жүзеге асыру үшін, әлеуметтік-экономикалық жағынан қазақ еліне ұқсастық тауып, жапонның «Мәйдзи төңкерісі» тәжірибесін бағыт етіп ұстанды. Бұл бағдарлама Жапонияда «Мәйдзи исин», яғни, «Мәйдзи жаңғыруы» деп аталған. Осы бағдарлама арқылы, жапон елі артта қалған аграрлық елден небары 21 жылдың ішінде әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің біріне айналдырған. Жапонияда 1868—1889 жылдар аралығында іске асырылған осы саяси әскери және әлеуметтік-экономикалық реформа жиынтығы сол «Мәйдзи жаңғыруы» деген атауымен тарихқа енген. Мәйдзи саяси бағдарламасының нәтижесінде жапон ұлттық мемлекеті мен жапон ұлты қалыптасқан. Сірә, сол ерте кезеңнің өзінде Әлихан Бөкейханды қызықтырған, одан барша алаш қайраткерлерінің арман-тілегіне айналған осы жапондық даму үрдісінің өміршеңдігі және баянды болуының дәлелі сол, Жапония мемлекеті де сол кезеңдерден қазірге дейін түрлі қиындықтарды бастан кешіп, соғыстарға душар болса да, міне, жиырма бірінші ғасырда да сол көтерілген биігінен түспей, тіпті, одан әрі дами түскендігіне сіздер мен біздер куә болып отырмыз. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ мемлекетінің Жапонияның екі үлкен қаласы Хиросима мен Нагасакиге атом бомбасын тастап, құл-талқан етіп, бұл елге орасан шығын келтіргенін әлем жұртшылығы жақсы біледі. Оның үстіне, жапон жерінде табиғи апаттар-

дың да жиі орын алатыны белгілі. Осыларға қарамастан, өзінің даму сүрлеуін жаңылыспай тапқан жұрт екендігін олар әлемге дәлелдеумен келеді. Демек, Алаш көсемі Әлиханның бұл таңдауының негізі бар. Жапонияда сегундар үстемдік еткен мемлекеттік биліктің самурай жүйесінен тікелей императорлық билік пен ол жасақтаған үкімет басқаратын жүйеге көшті. «Мәйдзи жаңғыруы» іске асырылған жылдары жапондардың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігі түбегейлі өзгерістерге ұшырап, елде жедел түрде батыс өркениетінің жетістіктері енгізілді. Тұрақты армия құрылып, қару-жарак пен соғыс техникасының ең үздік үлгілерімен қаруланды. «Мәйдзи жаңғыруы» реформасы жапон қоғамының әлеуметтік, жер, қаржы, салық, ағарту, білім беру салаларын қамтып, ұлттық экономиканы дамытудың ең үздік технологияға негізделген өнеркәсіптік өркендеу жолына түсті. Демек, өз елі үшін пайдасы тиер болса, жапондықтар түбегейлі өзгерістерден – реформалық батыл шешімдер қабылдаудан қаймықпайтын ел. Және бұл шешімдер уақыт озған сайын үнемі жаңаша ізденістер тілейтін, қоғам, орта жаңарған сайын реформалар жасау қажеттілігі туындайтын саясат пен экономикаға байланысты туындап отыр. Бірақ, осындай қуатты қоғамдық құбылыстар кезеңінде де, түбегейлі мемлекеттік саяси-экономикалық өзгерістер Әлихан өз елінің даму бағытында дәл осы үлгіні айнытпай қолдануды жоспарлаған жоқ, олай етудің мүмкін болмасын да жақсы түсінді. Ол екі ел тарихын салыстыра отырып, өзіңше қорытынды жасады. «Жапондар 1868 жылға дейін қазақ елі сияқты артта қалған аграрлық ел болса да, тәуелсіз дербес мемлекет болып, жоспарлаған реформаларын сыртқы күштердің ықпалынсыз іске асырғандығына, ал Қазақстанның Ресейдің империялық езгісінде отырғандығына назар аударып, осы тұрғыдан салыстырма жасады. Сондықтан да,

Әлихан құрған Алаш бағдарламасында европалық елдердің де, жапон елінің де реформаларының өнегесі көрініс тапқанымен, оны ешбір елдің көшірме үлгісі деуге болмайтын еді. Демек, Әлихан олардан, яғни, өзге мемлекеттер тәжірибесінен үйрене отырып, оқып-іздене отырып, өз елінің даму бағытында соны, тың жол іздегенде, қазақтың ескіден келе жатқан, тамырласқан арналарына, елдік негізіне көбірек арқа сүйеді дегеніміз дұрысырақ болар. Осы тұрғыдан келгенде, өзінің күрес жолындағы әуелгі әрекеттерінде ол орыс демократиялық күштеріне көбірек арқа сүйеген болатын. Ол басқарған ұлттық қозғалыстың мүддесі, әсіресе, 1905 жылы жарияланған әйгілі «Қарқаралы петициясынан» көбірек көрініс тапқан болатын. Сірә, ел мүддесі жолындағы аса ірі, кесек әрекет ретінде осы петицияның жариялануын атағанымыз жөн болар. Өйткені, нақ осы патшалық билікке жолданған петицияда Әлихан бастаған алаш қайраткерлері, әсіресе, жер мәселесін батыл көтерді, сөйтіп, столыпшылық реформадан кейін қауырт үрдіспен өрши бастаған Қазақстанға Ресейдің ішкі аймақтарынан переселендердің жаппай қоныс аударуы онсыз да ушығып тұрған империялық астамшылық бағыты одан әрі өрбіте түскендігіне ел атынан наразылық білдірді, мұндағы ең басты көтерілген мәселе – жер болатын. Бірақ, алаштықтардың осындай әділеттілікті талап еткен наразылықтарына қарамастан империялық озбырлық одан әрі жалғасып, кеңінен етек жая түсті...

Дегенмен, алаш қозғалысы да тоқталмастан, ел ішінде реформалық жоспарларын іске асыра берді. Өзінің «Қазақ» газетінде жарияланған мақаласында Әлихан Бөкейхан былай деген еді: «Қияметке дейін қазақ - қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай, және өзінің шарқ әдетіне ыңғайлы қылып, «Қазақ мәдениетін» құрып, бір жағынан, «Қазақ әдебиетін» тұрғызып, сақтамақшы.»

Бір айқын байқалатыны – Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның қай кездегі әрекеттерінен болсын, баландық байқалмайды, ол бірден, тіпті, сонау студенттік жас шағынан бастап саналы түрде туған халқы үшін күрескерлік жолға түсерін аңдатқан. Айтайын дегеніміз, тіпті, әуелгі күрескерлік бағытында масондықтар

құрамына қабылдануында да, кадет партиясына кіруінде де адасушылық болды деп айтуға болмас еді, мұның бәрі елі үшін туған ердің жанталаса жүріп, тығырыктан шығудың жолын іздеген ізденіс жолдары болатын. Оның бұл ой-көзқарастарына орыстың демократияшыл өкілдері де құрметпен қарап, түсіністікпен қабылдады. Әлиханның орыстың зиялы қауымына ертерек танылып, зор беделге ие болуының да сыры осында деп ұғуға тиіспіз. Осылардың бәрін сараптай келгенде, Әлиханды екі қоғамның да, патшалық Ресей мен кенестік дәуірдің де қайраткер тұлғасы деп танымыз. Бірақ, айырмасы сол, ол екі қоғамның да біржақты империялық мүддесін қорғаған емес, сол отаршылдық үстемдік жағдайында жүріп, ұлтына қызмет етуінен ешқашан бас тартпаған, империялық саясатпен алыса жүріп, туған халқының болашағы үшін күрескен, үнемі тығырыктан шығудың жолын іздеумен, іс-әрекет үстінде елі үшін жанын пида еткен ұлы қайраткеріміз, шын мәнінде бас бола білген көсеміміз деп мақтан тұтамыз.

Әлиханның осы ұлы мақсаты – оның 1904 жылдан бастап, туған жұртына өзін-өзі басқару жүйесі – земствоны енгізу үшін жасаған іс-әрекетінен де байқалады. Мемлекеттік думаға депутат болып сайланған Әлихан ең алдымен, осы земство жүйесін енгізу талабын алға тартқан екен. Яғни, осы земстволық жүйе арқылы, қазақ иеленіп отырған жерді казактың қауымдық меншігіне беру, қазақты әскери қызметке тарту, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, қазақ жеріндегі мектеп, медреселерде ана тілінде оқыту талаптарын билікшіл үкімет алдына мәселе қылып көтерген. Және ол еліне земстволық жүйе енгізу арқылы, қазақ жеріне дендеп еніп, жайлап бара жатқан келімсектер ағынын тоқтату мақсатын көздеген болатын. Осы мақсатына жетер алдында және ең бастысы, үлкен күрес, талаптарының нәтижесінде алаш автономиясы жарияланар алдында ол баспасөзде осы жеңістердің маңыздылығы жайында былай деді: «Алдымызда үлкен той. Жалпы жұрт жаңа болатын земствоға кіріспек. Земство – жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс мекеме. Жұрттың көзі, жанашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Тұрмыс-тіршілікте земство билемейтін іс болмайды. Земство қолға алып қылатын істің бір зоры – бала оқыту. Земство мектеп школ салады...». Осындай ел қамын жеген мақалалары «Қыр баласы» деген атпен жарияланып, қазақ даласына кең тараған, сол кездегі қазақ елі бұл мақалаларды ынтыға күтетін болған, яғни, алаш көсемінің үні – ел-жұртының сөнбейтін үміт шырағына айналған...

Сол кездегі алаш жұрты Әлихандай көсемін қалай сүйіп бағаласа, сол жұртымыздың бүгінгі ұрпағы да оған деген сүйіспеншіліктен суымайтындығына, айнымайтындығына күмәніміз жоқ. Әлиханның өзі айтқандай, қазақ – қазақшылығынан айнымайды, қай заманда болсын, халық нағыз ерлерін бағалай біледі, сүйеді, бір өзгермейтін, суымайтын сезім болса, ол жұртының Әлихандай адал перзентіне деген махаббаты. Осы тұрғыдан келгенде, 1917 жылғы аласапыран кезінде Әлиханның ел-жұртымен қауышқан сапары туралы жазылған мақала айрықша әсер етті. Бұл халқының нағыз адал перзентін қалай сүйіп, бағалайтындығына дәлел болғандай жүрекжарды ықылас кернеген, әрі өте қызықты, тартымды мақала болған екен, сол қауымның өз көсемдерін қалай қарсы алаған көңіл-күйлері дәл қазіргі сәттің қуанышындай адамды толғандырады, үңіліп көрейікші: «Кешке жакын Семейде 12-казанда, бұрынғы жандарал мекемесі, Бостандық үйіне қарай топ-тобымен ағылған қазақ еді. Семинаристер бір рет, гимназистер бір рет, курсистер, мұғалімдер бір рет, тұрғын саудагерлер, қырдан келгендер де бар, сегіздегі бала, сексендегі шал да қалмай дегендей, тойға бара жатқандай бәрінің де мерейлері үстем, еңселері көтеріңкі, жүздері жарық, көздерінен, қозғалыстарынан қуанғандықтары көрініп тұр. Бір-біріне жолыққанда, қуаныштан амандасуды ұмытып, сөздері: «Поезд қашан келеді?» деу ғана еді. Бұлар кімді тосады? Бұлардың поезд келген-келмегенінде не ісі бар? «Генерал-губернатор әмір берді ме? Онда осындай қуана ма? Онда жалмауыздың жалғыз көзіндей маңдайы жарқырап, қазақтарды жолдан былай тұр деп, қойша үйіріп, сабап жүретін пристав-стражниктері қайда? Онда, «жұмысқа керек» деп, жиылған қазақтардың астарынан аударып алып жататын аттары қайда? Онда етектері ділалып, мойындарына бір-бір сары жездерін салып алып, ерсілі-қарсылы шауып жүретін болыс, ауылнайлары қайда? Жоқ, мұның бәрінен де 27-ші ақпаннан бері қазақтың арқасы босаған, аяғы шешілген. Бұл қазақтар бұрынғы-

дай еріксіз, «қанын сорған битін» тосып жиылған қазақтар емес. Ерікті қазақтар, елге еңбегін сіңірген ерін тосып жиылған қазақтар еді. Ол ері кім еді? Ол ері:

Елі үшін құрбандыққа жанын берген, Бит, бүрге, қандалаға қанын берген, Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде, Алаш үшін зарығып бейнет көрген. Заманда басқан аяқ кері кеткен, Жасымай алашына қызмет еткен, Болса да қалың тұман, қараңғы түн, Туатын «бақ жұлдызына» көзі жеткен,

Түймеге жарқылдаған алданбаған, Баскадай бір басы үшін жалданбаған, «Қайткенде алаш көркейер» деген ойдан

Басқа ойды өмірінде малданбаған – Ғалихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов еді. / «Ғалиханның Семейге келуі». «Сарыарқа». 1917 жыл. 13 қараша./

Міне, баспасөзде Семей қаласында алаш көсемі Әлиханды қарсы алуға жиналған жұрттың көңіл-күйі осылайша сипатталады. Жұртының оған деген сағынышты ілтипат, махаббатында шек жоқ деуге болар еді. Оның бәрін келтіріп жатпай, жалпы халықтың Әлиханға деген құрметінің қаншалықты екенін Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлеңі арқылы берсек те жарар:

«Көш бастаған еріміз, Қуанышта еліңіз. Төбеміз көкке жеткендей, көкіректен бүгін кеткендей, Сізді көріп шеріміз. Еліңіздің көріп бұл шағын, Алаш туын һәм бағып, көзбен көріп төленді, көптен бергі теріңіз. Алаш туын қолға алған, қараңғыда жол салған, Арыстаным, келіңіз!».

Барша халқының көсеміне деген қылаусыз сүйіспеншілігі осы жолдарға сыйып кеткендей.

Халықтың зор құрметіне, шексіз ықыласына Алаш көсемінің қайтарған жауабы, тіпті, тандандырады: «Халық! Бұлай құрмет көрсетулеріңе лайықты еңбегім сіңді деп мақтана алмаймын. Бұрын мұндай құрметпен қарсы алынып көргенім жоқ, сондықтан құрметтеріңе лайық жауап беруге тосырқап тұрмын». Бар болғаны осы.

Әрине, мұны Әлиханның сөз таппай сасқаны дегеніміз білместік болар еді. Бұл тек халқына қызмет етуден өзге ештеңені ойламаған таза көкіректен шыққан халқының адал ұлының шынайы пейілі екендігі сөзсіз. Неткен қарапайымдылық! Бұл нағыз данышпанға бітер айрықша қасиет болар.

Кейін осы бір ғажайып әсерлі кездесу туралы, көздерімен көріп, куә болған бұғалай қазақ зиялылары баспасөз беттерінде жазып, ойларын бөлісіпті. Солардың бірі Сәкен Сейфуллин осы кездесу туралы: «Семейде Әлекенді ел құдайына сұрап алған жалғыздай құттықтады» – деп жазыпты. Кейбіреулер «большевик-революционер болған» деп қаралайтын С. Сейфуллин ел тілегімен қоса, өзінің де Әлиханға деген зор құрметін аңдатып отыр емес пе? Кейде, тырнақ астынан кір іздеп, шолақ ой түйетіндерге не айтарынды білмей, санаң шарқ ұратыны болады...

Жалпы, ұлылардың бір-бірін өзгелерден көш ілгері байқауына еріксіз танда насыз. Семейдегі көсеммен кездесудегі толқулы жұртының көңіл-күйін дөп басқан Сұлтанмахмұт ақын Алашорда ұлттық-территориялық автономиясының төрағалығына Әлихан сайланғанда, тағы да жүрекжарды тілегін жеткізіп, былайша ағынан жарыла жыр жолдарын төккен екен:

«Ассалаумағалейкүм, данышпаным, қамын жеп мұсылманның алысқаным, көп айдың көрмегелі жүзі болды, жүрмісін, аман-есен, арыстаным!».

Жалпы, қай заманда болсын, ел тілегін жеткізер ақындар болғанына дау жоқ. Жиырмасыншы ғасырдың басында Абайдың ақын серіктерінің бірі Көкбай Жанатайұлы Әлиханға деген ел махаббатын былайша сипаттаған екен: «Қарағым, жалғызымсың қазақтағы, ұл тумас сендей болып аз-ақ тағы, өгіз өліп, болмаса арба сынып, өмірің өткен жансың азаптағы...»

Сұлтанмахмұт ақын алаш көсемін «алаш туын қолға алған көш бастаған еріміз» деп жырға қосса, Сәкен Сейфуллин Әлиханды «елдің құдайдан сұрап алған жалғызы» деп сипаттайды, Көкбай ақын «қазақтың жалғызы» деп далаласа, бұл жыр жолдарының ұлт көсемі Әлиханға берілер ең әділетті баға екеніне осы күнгі ұрпақтың да келісерін кәміл. Ұлт көсемінің әрбір ісі мен бастамалары, алаш мүддесін көздеген мазмұнды сөздері, ұлтшыл жүрегінен шыққан жалынды лебіздері біздің заманымыз үшін де маңызын жоймақ емес.

Досқан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы

СОТ САЛАСЫНЫҢ САРДАРЫ

Мемлекетіміздің нық дамуының тегеурінді бір тұғыры – заң саласы, соның ішінде әділет пен заңдылықтың күзетінде тұрған сот жүйесі екені сөзсіз. Еліміздегі осы саланың түбегейлі қалыптасып, одан әрі дамуына атсалысқан атпал азаматтар да баршылық. Солардың бірегейі ретінде ауданымыздың тұрғыны, отставкадағы судья Тұрмат Баймағанбетовты айтуға болады.

Ол кісінің жүріп өткен жолы – желкіден өсіп келе жатқан жеткіншек баршамызға үлгі-өнеге. Т.Сабекұлы 1946 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келіп, орта мектепті үздік тәмамдады. Әкесі тура жолдан таймаған, шыншыл адам болатын. «Балам, бұл өмірде адамға қолдан келсе жақсылық жасағаннан артық ештеңе жоқ. Пенде ешкімге сөзімен де, ісімен де зиянын тигізбеуі керек. Адамның жаны таза болу керек. Сонда ғана ісі оңды болады», – деп, өмірден көрген-түйгендерін әңгімелеп отыратын, шешендік сөздерді айтуға шебер сұңғыла кісі болған екен. Осындай тәрбиемен ержеткен ол армандаған мамандығына қол жеткізу мақсатында жоғары оқу орнын тәмамдайды. Жігерлі де білімді жас жігіт еңбек жолын небәрі 18 жасында Шиелі аудандық сотының сот отырысының хатшысы қызметінен бастайды. Қайшылығы мол саланың соқпағын қарапайым сот орындаушысынан бастап, өз дара жолын жасап, сот сияқты салмақты саланың биігіне шығып, әділеттің ақ туын желбіретті. Мұнан соң 1987–1996 жылдары Тереңөзек, 1996–2007 жылдары Шиелі аудандық сотының төрағасы, 2007–2008 жылдары Қызылорда қалалық мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы секілді қызмет сатыларынан өтті. 2008 жылдан бастап доғарыстағы судья, 2009–2015 жылдары Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының мүшесі, Шиелі заң кеңесінің адвокаты қызметін абыроймен атқарды.

Тұрмат Сабекұлы – үлкенге құрмет, кішіге ізетпен қарап, мәдениетті қалпынан бір таймаған азамат. Әріптестері арасында сыйлы, тәжірибелі де білікті сот саңлағына облыс жұртшылығы «нағыз тура би» деп бағасын да берген еді. Өзінен кейінгі буынға әрқашан үлгі-өнеге көрсетуден жалықпайтын



азаматтың адамгершілік қасиеттері мен көпшіл мінезінің өзі біздер үшін үлкен тәрбие.

– Қоғам дамыған сайын, уақыт талабына сай сот жүйесі де жетіліп келеді. Судьялар жауапкершілігінің күшейтілуі зор білім мен біліктілікті талап етеді. Соған сай жұмыс істеу – ізбасар буынның міндеті, – дейді Тұмат аға. Еңбек демалысына шықса да, өз саласының жаналығын қалт жібермейтін ардагер бізге үнемі ақыл-кеңесін беріп отырады.

Отыз жылдан астам уақыт мәртебелі судья қызметін абыроймен атқарған Тұрмат ағамыздың көптеген жетістіктері бар. Ол ҚР Әділет министрлігінің грамоталарымен бірнеше мәрте марапатталды. Сонымен қатар ҚР Президентінің Алғыс хатын, ҚР Жоғарғы Сотының Құрмет грамотасын, «Сот жүйесінің ардагері», «ҚР Конституциясына 20 жыл» медалін т.б. көптеген марапаттардың иегері атанды.Тұрмат ағамыздың бедел биігін айшықтай түсетін «Үш би» құрмет белгісі, «Құрметті ардагер» медалі кеудесінде жарқырап тұр. Сот саласының сардары Тұрмат ағамыз зейнеткерлікке шыққаннан кейін де сот жүйесінен қол үзбей, судьялармен қарым-қатынаста болып, қоғамдық жұмыстарға араласып келеді. Әділдікті ту етіп, халықтың шынайы ризашылығына бөленген ардагер ағаның өмір жолы осындай әдемі өрнекпен өріліп келеді. Тұрмат Сабекұлы әдемі картаюдың, елге адал қызмет етудің үлгісін көрсете білген жан.

Нұржан БЕКЕТАЕВ,
Шиелі аудандық сотының төрағасы,
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА БЕЙІМ ЖҮЙЕ

Отыз жылдан бері елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құру процесі негізінде ұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, сот жүйесінің реформасы жүргізілді. Сот жүйесінің қызметі Ата Заңымыз бен «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңымен айқындалған.

Қазақстандағы сот жүйесінің дамуы осы кезге дейін талай ауыр кезеңдерден, сынақтар мен тәжірибелерден өтті. Жетістіктер де, проблемалар да аз емес.

Ең басты жетістік отандық соттың мәртебесі артты, оның мемлекет пен қоғам өміріндегі беделі мойындалды, биліктің үшінші тармағына айналды. Әрине, қабылданып жатқан заңдар мен декларациялар да сот жүйесінің берік негізін қалады. Соттардың шынайы дербестігі мен тәуелсіздігі орнады. Сот-құқықтық реформаның нәтижесінде сот құрылысы мен сот ісін жүргізу бойынша жетістіктер де бар. Оған заңнамалық регламенттеу және сот билігін ұйымдастыру, жанаша жұмыс ережелерін енгізу дәлел. Соңғы жылдары соттар мен судьяларды материалдық-қаржылық тұрғыда жеткілікті қамтамасыз ету, соттардың әкімшілік-аумақтық орналасуына сәйкес жергілікті билік органдарының соттарға ықпалынан арылу, судья лауазымына келетін кандидаттарға және судьялар корпусына қойылатын талаптарды қатаңдату, соттарға кәсіби біліктілігі мен этикасы жоғары азаматтардың келуін қамтамасыз ету мәселелеріне барынша көңіл бөлінді.

Қазақстанның сот жүйесі елдегі жалпы жағдаймен қатар өзгеріп келеді. Сот құрылысын оңтайландырудың жүйелі жұмыстары әлі де жалғасын табуда. Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия жұмыс істеуде. Сот қызметіне қатаң талаптар қойылды. Өңірлерде медиация орталықтары дамып жатыр. Қазір соттардағы жүктемені азайту, күрделі істерді сапалы қарау, жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында аумақаралық соттылық енгізіліп жатыр. Бұрын талап арыз сотқа түссе, ол автоматты түрде бір соттың ішінде бөлінетін. Енді 1 тамыздан бастап арыздар судьяның мамандануына қарай кездейсоқ таңдау арқылы елдегі барлық соттардың арасында бөлінеді. Аумақаралық соттылық жемқорлыққа қарсы жақсы құрал.

Сонымен бірге қазіргі уақытта соттарды біріктіру бойынша жұмыс жүріп жатыр. Сот әр жерде бөлек орналасқаннан гөрі, неғұрлым біріктірілген болса, соғұрлым судьялардың қатары көбірек және төрағалардың саны азаяды. Бұл жаңашыл әдіс істерді бөлуді жеңілдетеді және судьяларға түсетін жүктемені теңестіреді деп күтілуде. Судьяларға да, адамдарға да дауларды шешуді жеңілдету үшін қажетсіз бюрократиялар жойылып, сот ісін жүргізуді жеңілдету мақсатында барлық соттарда электрондық сот төрелігі енгізілді. Дәл қазіргі іске асырылып жатқан сот реформасы үлкен өзгерістерге алып келеді және ол сот мәртебесін одан әрі арттыра түседі деп сенеміз. Алда өзгерістер көп. Сот жүйесі қашан да күрделі өзгерістерге дайын және жаңашылдыққа, заман талабына тез бейімделе алатын жүйе болып қалыптасты.

Сая ТҮЛЕУОВА,
Маңғыстау облыстық экономикалық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Біздің басты мақсатымыздың бірі – тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру. Соған сай жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу саласында қызмет көрсету жылдан жылға оңтайландырылып келеді. Мәселен, жылжымайтын мүліктің бар немесе жоқтығы және тағы басқа мәліметтер туралы анықтамалар 2013 жылдан бастап 15 минут ішінде электронды түрде берілуде.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚАЛАЙ ТІРКЕЛЕДІ?

Алайда, 2013 жылдың қаңтар айынан бастап жылжымайтын мүлікке қатысты нотариустармен куәландырылған сату-сатып алу шарттарын азаматтардың өздері электронды түрде тіркеуші мекемеге жолдай алатын. Қазіргі таңда нотариустармен жасалатын жылжымайтын мүлікке қатысты барлық іс-әрекеттер электронды түрде мемлекеттік тіркеуге ұсынылууда.

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» заңының 1-бабының 27-тармағына сай, тіркеуші орган – жылжымайтын мүліктің орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы болып табылады.

Халыққа ұсынылатын қызметтің тиімділігін арттырып, жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу ісін оңтайландыруда жеделдетілген алым ставкалары қолданысқа енгізілгенін де айта кеткен жөн. Бұл тұрғыда азаматтар уақыты мейлінше үнемделері анық. Өйткені, ҚР «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы заңның 14-бабына сай құжаттар тіркеуші органға берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізілуі тиіс.

Қазіргі таңда, жылжымайтын мүлікті тіркеу мерзімі «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» заңның 23-бабына негізделіп жүргізіледі. Заң бойынша меншік құқығы мен жылжымайтын мүлікке қатысты басқа да заттық құқықтардың шектелуі, пайда болуы, ауысуы және тоқтатылуы міндетті тәртіпте біртұтас мемлекеттік реестрде тіркеуші органдарымен мемлекеттік тіркеуге алынуы тиіс.

Тіркелу тәртібіне келсек, жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеу үшін қажетті барлық құжаттар екі данада, яғни, біреуі түпнұсқасы немесе нотариуспен куәландырылған көшірмесі қажет. Құжаттың түпнұсқасы тіркелген соң иесіне қайтарылады.

Құжатта заңға қайшы түзетулер немесе сызылған тұстар болса қабылданбайды. Сондай-ақ, тіркеу құқығына қабілетсіз азамат өтінген жағдайда да тіркеу жасалмайды. Тіркеу кезінде тіркеуші-инспектор ұсынылған құжаттарға құқықтық сараптама жүргізеді. Атап айтқанда, ұсынылған құжаттарды электронды банк пен мұрағат материалдарының деректерімен (жылжымайтын мүлік ретінде және құқық иеленуші жөнінде деректердің сәйкестігі) салыстыру, жылжымайтын мүлік ауыртпалықтарының (құқық қорғау, сот және басқа да уәкілетті органдарымен қойылған тыйым салулар, шектеулер) бар-жоғын тексеру, т.б. Жылжымайтын мүлікке мемлекеттік тіркеуді енгізген сәттен бастап, құқықтық кадастр және құқық белгілейтін құжат тіркелген құқықтарды растайтын бірден-бір ақпарат көзі болып табылады.

Аталған заңның 53-бабына сай, мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша заңдық талаптар, оның ішінде талап арыз беру, сот актілеріне шағымдану фактісі, жер учаскесін алып қою туралы шешім, кепілақы туралы келісім (қолхат), алдын ала шарт және өзге де фактілер тіркелуі мүмкін. Осы баптың 2-тармағына сәйкес, мемлекеттік тіркеу үшін мүдделі тұлға тіркеуші органға жеке басын куәландыратын құжатты көрсетеді және оның көшірмесін, сондай-ақ, заңдық талапты растайтын құжатты ұсынады. Ал, 3-тармаққа сәйкес, заңдық талаптарды мемлекеттік тіркеу есептік болып табылады және жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұруға



ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ – БІЛІМНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

54 студентті, екі факультетті, профессор-оқытушыларды қамтыған Қазақ мемлекеттік университеті ресми түрде 1934 жылы 15 қаңтарда ашылған еді. 30-шы жылдардың соңына дейін тағы үш факультет, қазақ жастарына арналған дайындық бөлімі ашылып, мамандықтар тізбесі кеңейтілген. Осылайша қазіргі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде 16 факультет, 68 кафедра, 97 өндірістік филиал, 8 ғылыми-зерттеу институты, 29 ғылыми орталық пен технопарк табысты жұмыс істейді. ҚазҰУ-да бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша 543 білім беру бағдарламасы жүзеге асырылады.

С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін филолог мамандығы бойынша бітірген филология ғылымының докторы, профессор Жансейіт Түймебаев – 2021 жылдан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры. Университеттің әлемде ойып алатын орны бар, оның көрсеткен нәтижелері мен жетістіктері оған дәлел. Оқу процесі мен жұмысқа орналасу мүмкіндігі, зерттеулер мен қызмет көрсету, өнер және мәдениет саласы, заманауи тілдер бойынша өте жоғары нәтиже көрсете отырып, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жоғары баға алып, «QS Stars Rating System» халықаралық рейтингісінде «Бес жұлдыз» жоғары марапатына ие болды. Әлемдік университеттердің институционалдық рейтингінде де және пәндік рейтингте де үнемі алда келе жатқан ҚазҰУ халықаралық деңгейдегі ғылыми-зерттеу университетіне айналып отыр. Университет қазіргі уақытта әлемдік QS рейтингінде 175-орында. ҚазҰУ – QS Stars Rating System халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» марапатын алған Орталық Азиядағы алғашқы және жалғыз жоғары оқу орны. ҚР жоғары оқу орындарының сұранысқа ие ұлттық рейтингіне енген оқытушылардың көп бөлігін ҚазҰУ қызметкерлері құрап отыр. Университеттің білім сапасы, оқытушылардың біліктілік деңгейі жоғары. Білім сапасын қамсыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігі жүргізген ұлттық рейтингтің нәтижесі бойынша университетіміз бірінші орынды иеленді. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді мен ректор Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен «ҚР сыртқы саясаты және дипломатиясы» орталығы ашылды. Биыл Еуропа мен Орталық Азияның дамушы елдерінің үздік университеттері рейтингі-

гінде 16-орынға көтерілді. Еліміздегі өркениетті жастардың жоғары білікті, талапқа сай келетін маман болуы үшін университет зертханалармен, заманауи техникамен және жаңа технологиялармен жабдықталған.

ҚазҰУ факультеттерінің арасында заң факультеті ерекше орынға ие. 1934 жылдан бері қарай заң факультеті көптеген жаңару мен өзгерістерді басынан өткерді. Қазіргі таңда заң факультетінде құқықтану және кеден ісі, құқық қорғау қызметі мамандықтары бойынша мамандар дайындалады. Студенттерді даярлау үдерісі орта білім және жоғары білім негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар заң факультетінің студенттері магистратура және PhD докторантура-сына түсуге мүмкіндіктері бар. Факультет төрт кафедрадан тұрады. Олар мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасы, азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедралары. Заң факультеті мемлекет пен құқықтың өзекті мәселелері бойынша республикалық және халықаралық конференциялардың, сондай-ақ Қазақстан студенттері арасында жыл сайынғы республикалық құқықтық олимпиаданы тұрақты ұйымдастырушы. Студенттер арнайы мамандандырылған, сонымен қатар магистранттар мен докторанттарға арналған оқу залдарында сабақтарына дайындалады, қазіргі заман талабына сай компьютерлік техникамен жабдықталған компьютерлік сыныптар, интернет залдары бар. Студенттік ғылыми «Медиатор» клубы заң факультетінің қылмыстық құқық кафедрасы ұйымдастырған бірлестік. Клубтың негізгі мақсаты – ғылыми-зерттеу жұмыстарын медиацялық дауларды реттеу үшін қолайлы жағдай жасау және жүзеге асыру. Сонымен қатар заң факультетін бітірген тұлелер құқық қорғау органдарында қызмет атқарып, өз саласының білгірі атанып жүр. Сапалы білім – біліктілік пен абырой кепілі.

Меруерт БИСЕНОВА,
Гүлзағира АТАХАНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
қылмыстық құқық, қылмыстық
іс жүргізу және криминалистика
кафедрасының оқытушылары,
Жансая КАРАБАЕВА,
1 курс магистранты

ТҮЙТКІЛ

АУДИТОРЛАР ЖАҢА БАСТАМАҒА НАРАЗЫ

Қаржы министрлігі 12 шілдеде «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жүзеге асыру туралы келісімді ратификациялау туралы» заңның жобасын жариялаған еді. Қазақстандық аудиторлар оған өздерінің наразылықтарын білдіруде.

– Аудиторлар алқасы «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде аудиторлық қызметті жүзеге асыру туралы келісімнің ратификациялануын мерзімінен бұрын деп санайды. Қазақстанға бұл келісімді ратификациялаудың еш пайдасы жоқ. Министрлік жоба қабылданған жағдайда ол теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық себептерге әкеп соқтырмайды деп сендіргісі келеді. Алайда, қазақстандық нарыққа қолжетімділік ашылған кезде қазақстандық аудиторлық ұйымдардың клиенттік базасы қысқарып, осыдан теріс әлеуметтік-экономикалық салдарлар жыл сайын 7 мыңға жуық компания аудиттелуі тиіс болса, елдегі аудиторлық ұйымдардың саны – 475. Біз отандық аудиторлық ұйымдардың азаю үрдісін байқап отырмыз. Мәселен, биыл 12 қантарда 484 ұйым болса, ал 14 қыркүйектегі жағдай бойынша олардың саны 475-ке кеміген, – дейді «Аудиторлар алқасы» кәсіби аудиторлар ұйымы басқарма төрағасы Данияр Нүрсейітов.

Аудиторлық қызмет және қаржылық есептілік ғылыми-зерттеу институты сарапшысы Ардақ Жомартованың сөзіне қарағанда, «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде аудиторлық қызметті жүзеге асыру туралы келісімнің ратификациялануынан туындайтын мәселелер көп. Біріншіден, бұл жана аудиторлар-

дың нарыққа шығуына қосымша кедергілер орнату. Қазақстанда аудиторлық қызмет бойынша кәсіби кенесті қолданысқа енгізу салдарынан аудиторға кандидаттарды аттестаттау бойынша емтихандар 1 жыл бойы өткізілмеді. Егер бүгінгі күні «аудитордың» біліктілік куәліктерін алу үшін 9 пән бойынша емтихан тапсыруы тиіс болса, келісім ратификацияланғаннан кейін пәндер саны 15-ке дейін артады. Екіншіден, аудиторлық ұйымдар үшін қосымша міндеттер мен жауапкершіліктерді енгізу. Аудиторлық ұйым, оның үлкен немесе кіші болуына қарамастан, өзінің ресми сайтынан ашуы тиіс. Тағы бір жауапкершілік ақпараттың өзгергені туралы уақытылы хабарламағаны үшін әкімшілік айыппұлдың енгізілуі. Қазір әкімшілік кодексте есептіліктің уақытылы тапсырылмағаны үшін жауапкершілікті көздейтін 2 бап бар, яғни оған тағы біреуі қосылады. Онсыз да, соңғы өзгерістерге сәйкес аудиторлық ұйымдар аудиторлық қызмет бойынша кәсіби кенесті жылына 150 млн теңгеге қаржыландырады деп күтілуде. Үшіншіден, отандық аудиторлар үшін әділетсіз жағдайлармен келісімге мүше мемлекеттердің аудиторлық ұйымдары үшін Қазақстан нарығының ашылуы. Мисалы келісімге сәйкес, мүше мемлекетте аудиторлық қызметті жүзеге асыру құқығын алу үшін аудиторлық ұйымда аудиторлардың саны 3-тен кем болмау керек. Бұл ретте «Аудиторлық қызмет туралы» ҚР заңнамасында кемінде 2 аудитордың болуы көзделсе, Беларусь Республикасында аудиторлық ұйымның штатында кемінде 5 аудитор болуы қарастырылған. Ресейде қоғамдық маңызы бар ұйымдарға аудиторлық қызмет көрсететін аудиторлық ұйымдардың құрамында аудиторлардың саны 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін кемінде 3,

ал одан кейін кемінде 5 адам болады. Бұл нормадан көріп отырғанымыздай, мүше мемлекеттің аумағында қызметтер көрсету үшін талаптарға сәйкес келудің белгілі бір артықшылығы Ресей және Беларусь аудиторлық ұйымдарында қалады.

Аудиторлық қызмет және қаржылық есептілік ғылыми-зерттеу институты сарапшысының сөзін растаған «Аудиторлар алқасы» басқарма төрағасы орынбасары Владимир Мурашов: «Ресейде 2022 жылдың 31 тамыздағы жағдай бойынша: аудиторлық ұйымдар мен жеке аудиторлар саны – 2 832. Оның ішінде аудиторлар саны 3 және одан көп компаниялар – 2 463. Ал Беларусь Республикасында аудиторлық ұйымдардың саны – 71. Қазақстанда 14 қыркүйектегі жағдай бойынша аудиторлық ұйымдар – 475, оның 72 пайызының 2 аудитору ғана бар. Яғни, келісім ратификацияланған кезде отандық аудиторлық компаниялардың 72 пайызы талаптарға сай болмай қалады», – легенді айтты.

А.Жомартованың пайымдауынша, келісімді талқылау кезінде саяси жағдай басқаша болды, ал бүгінгі таңда әлемдегі жағдай басқа. 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап Ресейде жеке аудиторлар міндетті аудит жүргізе алмайды. Енді 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік ұйымдардан басқа барлық акционерлік қоғамдарда міндетті аудит алынып тасталынды. Ресейге қарсы жүргізіліп жатқан санкциялар саясатын ескеретін болсақ бұл ондағы аудиторлық қызметтер нарығының төмендеуіне апарады. Сондықтан, Ресейдің аудиторлық ұйымдары жаңа нарықтарды іздеуге мәжбүр. Осы тұста Қазақстанның «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде аудиторлық қызметті жүзеге асыру туралы келісімді» ратификациялауы құланның қасуына, мылтықтың басуы дегендей жағдай болмақ.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ИГІ ШАРА

«АШЫҚ ҚОҒАМҒА – АШЫҚ АРХИВ»



ҚР Президентінің Архиві 2022 жылғы 19-21 қазанда Алматы қаласында халықаралық мамандардың қатысуымен «Ашық қоғамға – ашық Архив» атты архившілердің конгресін өткізеді. Шара аясында «Менің отбасымның тарихы архив құжаттарында» мектептік оқу-зерттеу жұмыстарының байқауы ұйымдастырылуда. Байқау арқылы балалар өз отбасының тарихын зерттеу арқылы ата-бабасының тарихын, ар жағында халқының тарихын таниды.

Жуырда ҚР Президенті Архивінде конкурса қатысып жатқан Алматы қаласының 7–10 сынып оқушыларына әдістемелік көмек көрсету үшін Ринат Шаяхметов шақырылып, танымды кездесу өтті. Бұл кездесуге оның таңдалуы бекер емес, себебі Ринат Равильұлы әуесқой өлкетанушы, өз отбасының тарихын зерттеген азаматтардың бірі. Сондай-ақ, ол Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған (1946–1954 жылдары) Жұмабай Шаяхметовтің немересі және биыл ҚР Президентінің Архиві тарапынан дайындалып, жарияланған «Жумабай Шаяхметов. Документы и материалы» құжаттық жинағының құрастырушыларының бірі.

Кездесу барысында Ринат Равильұлы ғылыми-зерттеу жұмысында отбасы архивінің алатын орны ерекше екенін айтты. Өзінің көпжылдық архивтердегі жұмыс тәжірибесіне, отбасы тарихын зерттеудегі әдіс-тәсілдеріне тоқталды. Ол жұмысты қалай, неден бастау керек, неге мән беру қажет деген сұрақтарға жауап берді. Бұл кездесудің ерекшелігі – Ринат Шаяхметов балалармен бала тілінде сөйлесе алды. Себебі, бір сағатқа жоспарланған кездесу екі сағатқа созылды. Оқушылар да Ринат Равильұлының басынан өткен қызықты оқиғаларын ұйып тыңдады. Ол әр адамның өмірге келуінің өзі жеңіс екенін және қандай жағдай болмасын алға жүру қажеттігін айтты. Әр пенденің осынау үлкен ғаламда өзіне тиесілі өмірі, бақыты, қуанышы, қиындығы болатынын жеткізді және адаспай өз орындарын табуға тілектестігін білдірді.

«Менің отбасымның тарихы – архив құжаттарында» мектептік оқу-зерттеу жұмыстарының конкурсын Алматы қаласы Білім басқармасы да қолдады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, байқау Балалар жылы аясында өткізіліп отыр. Оқушылар өз отбасы ғана емес, сонымен қатар, болашақта еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерттеуге ынталанады әрі алдағы уақытта құжаттық деректермен жұмыс істеуге дағдыланады деп сенеді. Кездесу соңында қатысушылар Ринат Шаяхметовке құжаттармен жұмыс барысында туындайтын мәселелер бойынша сұрақтар қойып, оларды бірге талқылады. Балаларға естелік ретінде кітаптар сыйға берілді. ҚР Президентінің Архивінде өткен ерекше кездесуден оқушылар көңілді таркасты.

Әйгерім БАҚТЫБАЕВА,
ҚР Президенті Архивінің аға сарапшысы

ӨРТУРЛІ

4. Ақтөбе облысының білім басқармасы мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжі» МКҚК екі ұйымның қайта құрылғаны туралы хабарлайды: «Ақтөбе байланыс және электротехника колледжі» МКҚК және «Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжі» МКҚК мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжі» МКҚК «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мекемесі. Осыған байланысты Ақтөбе қаласы, 8 март көшесі, 1а мекенжайы бойынша кредиторлардың шағымдары қабылданады. Тел. 8-7132-21-35-35.

9. Екібастұз қалалық соты Асем Айтбаевна Асатулованың 1989 жылы 15 тамыз айында туған Диас Айтбаевич Нугмановты хабарсыз кетті деп тану туралы арызды бойынша азаматтық іс қозғады. Егер Диас Айтбаевич Нугмановтың тұрғылықты жері туралы белгілі болған жағдайда, жария етілген күннен бастап 3 ай ішінде Екібастұз қаласы, Қонаев көшесі, 42 үй мекенжайы бойынша Екібастұз қалалық сотына хабарлауыңызды сұраймыз.

10. «АТМ АЛЬЯНС» ЖШС, БСН 211240020730, жарғғылық капиталының 50 000 000 (елу миллион) теңгеден 500 000 (бес жүз мың) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 (бір) ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Нұрмағамбетов көшесі, 13А. Тел. 87079111770. Эл.пошта: info@atm72.kz

11. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, БСН 061040004937, өзінің ««Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Гвардейский қала үлгісіндегі кенті.

7. Тарақанға қарсы дезинсекциялық іс-шаралар
Үйлерде тарақанның 2 түрі кездеседі: жирен (қызыл түсті) және кара. Тарақан негізінен түнде шығады, ал күндіз еден мен қабырғалардың саңылауларына, ас үйдегі стол маңына, еденнің ернеу ағаштарына, плиталарға, жылу және су өтетін құбырларға, т. б. қуыстарға жасырланады. Азық-түлік және өртүрлі мата, жібек, жүн, қағаз қалдықтарымен қоректенеді. Тарақан азықты былғайды және сонымен бірге ішек құртының жұмыртқалары мен өртүрлі жұқпалы аурулардың коздырғыштарын (дисентерия, іш сүзегі, полиомелит және т. б.) тасуы мүмкін.
Тарақанмен күресу үшін олар жұмыртқа салатын барлық саңылаулар мен тесіктерді мұқият бекітіп, тамақ қалдықтарын жинап, азық-түліктің бетін жауып қою керек.
Бұл паразиттермен күресудің көптеген жолдары бар. Дезинсекциялау – адамды, жануарларды, үй-жайларды және аумақты жәндіктер мен басқа да буынаяқтылардан қорғау мақсатында оларды жою бойынша профилактикалық және жою іс-шараларының кешені.

Жәндіктерге (тарақандар) қарсы өңдеулер жиілігі объектінің константуына байланысты жүргізіледі;
Бұл осы жәндіктердің көпшілігін жояды және олардың көбеюіне жол бермейді. Сонымен қатар, зиянкестерден жұқтыратын инфекциялардың таралуын болдырмауға көмектеседі.
Бүгінгі күні бөлменің көлеміне және жәндіктердің санына байланысты зиянкестерді жоюдың бірнеше тиімді түрлері бар:
1) механикалық – механикалық әсерету жолымен дезинсекциялау (үй-жайларды жинау, жуу, желдету, тазарту).
2) физикалық – физикалық әсерді (температура, газ, ультракүлгін, от) қолдану жолымен дезинсекциялау;
3) биологиялық – күресу үшін табиғи жауларды пайдалану жолымен дезинсекциялау.
4) химиялық – жәндіктер үшін қолайсыз жағдайлар жасауға, организм функцияларының бұзылуына және (немесе) жәндіктерді жоюға бағытталған химиялық заттарды қолдану арқылы дезинсекциялау.
Тамақ өнеркәсібі, қоғамдық тамақтану және

азық-түлік саудасы объектілерінде дезинсекциялау іс-шараларының жиілігі айына 1 рет, балалар мекемелерінде, денсаулық сақтау объектілерінде, өнеркәсіптік және коммуналдық мақсаттағы объектілерде 3 айда 1 рет және көрсетілімдер бойынша жүргізіледі.
Объектілерде дезинсекциялық іс-шаралар объекті әкімшісінің (тапсырыс берушінің) өкілі болғанда жүргізіледі. Өңдеуге жататын үй-жайдағы адамдарға жоспарланып отырған іс-шаралардың жүргізілуі және қажетті сақтық шаралары туралы хабардар етеді. Өңдеу жүргізілетін жерлерде өңдеуге қатысы жоқ адамдардың, сондай-ақ, үй жануарларының болуына жол берілмейді.
Дезинсекциялау жұмысын істеген кезде тиісті нұсқауларды қатаң басшылыққа алып отыру қажет.

Г. АСИЛХАНОВА,
ҚР ДСМ СЭБК «УСО» ШЖҚ РМК
«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының эпидемиолог көмекшісі

Баспасөз – 2023



«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3638,40 ТЕНҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7276,80 ТЕНҒЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3844,80 ТЕНҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7689,60 ТЕНҒЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4538,40 ТЕНҒЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9076,80 ТЕНҒЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4744,80 ТЕНҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9489,60 ТЕНҒЕ

✉ zanreklama@mail.ru

МҰРАҒЕРЛІК

8. 9.04.2022 ж. қайтыс болған аз. Суюндиов Зиядин Есхожаевичке қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлеріне және мүдделі тұлғаларға, Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Сейфуллин к., н/ж, «Шаньрак» сауда орталығы бойынша орналасқан мекенжайға, жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуыңыз қажет. Тел. 87014743502.

Ақтөбе облысының судьялар қауымдастығы Ақтөбе облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының төрағасы м.а. Қайырбек Құсайынұлы Елемесовке және туысқандарына ағасы

Мағауия Құсайынұлы ЕЛЕМЕСОВТІҢ

өмірден озуына байланысты орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Ақтөбе облыстық соты

ЖАРНАМА
БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА
ҚАБЫЛДАЙТЫН
ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetisaity.kz, e-mail: vsegazeta@mail.ru
Алматы қ., Абайлы хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абайлы хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.
«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78,105-кеңсе. Тел: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Курпская көшесі,61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ.,Е. Өуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «БакIROва Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 55 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

БАЙҚАУҒА!

– «Отшашу» операциясын сәтсіз жүргізгені үшін майор Қаппаровқа соңғы рет ескерту берілсін!».

...Полковник Дәуіровтің қабағы қатулы. Осымен нешінші рет құдіктілер қолға түспей, сытылып кетеді. Қандай амал, қандай айла ойластырса да, құдіктілерді қылмыс үстінде ұстай алар емес. Ал, басталған операцияның аяқсыз қалуы – полиция полковнигіне өліммен тең. Бұл жолы да бар амалы таусылған ол іске жауапты майор Қаппаровқа соңғы рет ескерту жасады. Енді аянатын ештеңе жоқ. Өзі болашағынан үміт күткен майор Қаппаровтың біліктілігі мен адалдығына сенетін еді. Ол қаншама тапсырманы мүлтіксіз орындағанымен, осы операцияны сәтті атқара алар емес. «Әлде асыра бағаладым ба екен?». Полковник Дәуіров жоғары жаққа қандай уәж айтатынын да білмейді. «Әлде, «Отшашу» операциясындағы қылмыскерлердің шамасын дұрыс бағаламай жүрміз бе? Олар біз ойлағаннан да қауіпті, біз жасағаннан да күштірек болып шыға салмаекпін?»

Адасу

...Кеш батса болды қарбалас қайта басталады. Қанша уақыттан бері бар ойы «Алланың разылығын алу», «Алланың сүйікті құлына айналу». Әсіресе, есін ұстазының «кімде-кім Алланың жолында өзін құрбан етсе, жанныаттың төрінен алтын сарай мен тақ әзір» дегені елітіп-ақ тастағалы осы жолдың дұрыстығына күмәнданған емес.

«Жаным қазақ» деп жүрсем, жаным шаһит екен ғой. Мына фәни жалғандағы жұмыр басты пенде тек Аллаға ғана қарыздар екен ғой. Онда неге әкем мен шешем «үлкенді сыйла, жеті атанды біл, кісі ақысын жеме» дегеннен басқа түк айтпаған? Олар адасқан... ад-даас-қан...» Мұрагер ойша о дүниені мен бұл жалғанның арасын жүріп өтті. Кенет көз алдына бала күнгі анасының боз құлынның үстіне отырғызып, маз болғаны, көрші біткен «Әй, Мәрия, балаңның ат жалын тартып мінгені құтты болсын, үлкен азамат болсын, тфэ, тфә! Бабаларының әруағы жар болып, батыр болғай!» деп, тәттіден шашу шашып жатқаны елестегені сол еді, Мұрагер «астапыралла! Ширк!» деп дауысы қалай шығып кеткенін байқамай қалды. Ұйқысы шәйдай ашылды. «Қой, бауырларға барып қайтайын» деп, орнынан тұрып, әдет-тегідей киіне бастады...

«Бауырлары» құшақ жая қарсы алды. Күндегідей дастарқан, көңілді жиын. Діннің аяттарынан сабақ. «Ер жігіттің иманы берік болуы керек, ол Алланың ісімен айналысуы керек. Бес уақыт намазды қаза қылмай, тек бір Аллаға құлшылық қылсақ қана, мынау намаз оқымайтын тобырдың топ басына шықпақпыз. Біздің қазақтың адасуы! «Баланы ана тапты» дейді. Анаң намаз оқымыса, оның емізген сүті де, берген асы да харам, істеген ісі де харам! Әкені сыйла дейді, әкең намаз оқымаса, оның сөзін неге тыңдауың керек?» «Ұстазы» бастырмалатып жатыр. «Бауырлары» да ұйып қалған.

Тек Мұрагердің көз алдынан бағана елестеген боз құлынның жәудіреген жанапыр кетер емес. Тіпті, біртүрлі сол күндерді аңсайтындай ма?... Кенет тағы «астапыралла» дейді. «менің Алланың сүйікті құлы болғым келеді», ол үшін жинадқа барам!». «Жиһад!» ... Мұрагер қатайып алды... онсыз да әке-шешесінің намаз оқымайтыны, күн сайын «балам, теріс жолға түстің» деп тоң-теріс қарайтыны, қатты ашуға булығып бұған бірде қол көтергені, «қарама» қолдарымен анасының жұма сайын жеті шеплек пісіретіні жүйкесін шаршатып біткен. Тіпті, оған осы күні өзінің азан шақырып қойған Мұрагер деген есімі де ұнамайды. Әкесі жеті атадан бері кіндіктен жалғыз тұяқ еді, соны ырымдап, мұрагері болар бір перзентті анасы екеуі күндіз-түні жаратушыға жалбарынып жүріп, жеті жылдан кейін көрген қызығын Мұрагер деп атаған. Жеті жыл күткен бауыр еті перзенті дүниеге келгенде қалжа той да, бесік той да дуылдай өткен. Көзінің ағы да – осы, қарасы да – осы.

Бір күнті жан дегенде жалғызсы сақал өсіре бастағанда, әкесі «балам, қазақта әкесі бар бала сақал өсірмейді, мынауынды құрт» дегенде, «Әке, дос жігіттер сертгесіп, осылай еттік, қазіргі сән ғой» деп алдарқата салған. Әкесі де «қазіргі жастар осылай ғой, қайтейін?» деп қоя салған...

Ал, қазір, мүлде басқаша. Басында сәндік үшін өсірген сақал, енді күжірейіп, көзге қадалардай. Кеңіргегіне кекірейіп шыққан бір уыс жүн баласының көзіндегі жалт еткен жарықты да біртүрлі көмескілейтін ме? Оның үстіне, баласы атын атаса, қарамайтын, «менің атым – Әли» дейтін болған. Бір кезде «әке, мен таза жолға түстім, мұсылмандық жолымен жүрем» дегенде, анда-санда сыралапты, қолына гитара алып әндететін баласының «адам болайын» дегені ғой деп сүйсініп те қалған. Жалғыз да болса ақылды, саликалы жігіт болып өсіп келе жатқанына іштей марқаятын. Мұрагер «харам» деп гитараны да, үйдегі басынаын қалған домбыраны құл-талқан еткен. Қазір оның бірі де қалмаған. «Адам болады-ау»



ҚАСІРЕТ

деген жалғызы жат болып бара жатыр. «Саликалы азамат болады-ау» деген сүйіктей ұлы суып, бөтен болып бара жатыр. Іштегі еміреніс те өлген. Жүректегі тебіреніс те өлген. Бейне бір баласы жоқ сынды. Әкенің іші қан жылайды. Жан дегенде жалғыз ұлы бірге отырып ас ішуден қалған. Құдайдан мойнына қарабұршақ салып жүріп тілеп алған жалғызының бұл әрекеті аиа байғұсты да қасіреттің қанды қақпанына түсіргелі, оның да құр сүлдері жүр. Жалғыз балаға еге бола алмаған әке мен шешенің қасіретін түсінетін жұрт болсашы-ау?...

Қателік қайдан?

«Жалғыз баласына тәрбие бере алмаған мiскiндер» дейтiндей адам бiткен. «Бегiмeн кеткeн» дейтiндей туыс бiткен.... «Қай жерде қателік жібердім» деп күн сайын өзін мүжиді кеп әкесі. «Жолына жаным құрбан жалғызым-ау, бұл қайткенің?» деп іштей зарлайды анасы. Жок! Райынан қайтатын бала жоқ! «Сендер көпірсіңдер!» дейді. Анасы жейдесін ұстаса да «харам!» Әкесі «әй, балам» десе де «харам!»... Мұрагерге жүрген жері, айналасы түгел харам! Жаны азапқа түскен. Оны ештеңе қызықтырмайды. Анасының әдемі көзі де, әкесінің мейірімді сөзі де, құрбы қыздардың сылқым күлкісі де, махаббат сырын шерткен сырлы кештер де, ләззаты мол түндер де! Қара басы қара түнек тамұққа кіргендей күй кешеді. Ол күйдің не екенін өзі түсінбейді. Кейде біреуге барып сырласқысы келетіндей. Оған да бір қара бейне қаһарлы үнмен «қайт» дейтіндей. Ойша бұрын мектеп жасында оқыған кітаптардан өзіне ұқсас кейіпкер іздейді. Өзіне ешкімді ұқсата алмайды. «Қайтсем екен?» деп аласұрады. Іші алай-дүлей. Іштегі арпалыс қалай басылмақ? «Бауырымыз» деп аталатын топтың өз емі бар. «Ұстазының» кезекті дәрісінен кейін, алқақатан отырып алып, күн аралатып көкнәр ішетінді шығарды. Ішсе болды бөрің ұмғытады, денесінің құрыс-тұрысы жазылып, жаны рахаттана бастайды. «Ұстазы» айтқан жұмаққа кіріп кеткендей күй кешеді. Көкнәр көмейден өтiсiмeн-ақ, сол баяғы боз құлын шапқылайды-ай келіп, шапқылайды-ай келіп...

Миды улаған көкнәр

Әшейінде сол боз құлын есіне түссе, селк ете қалатын жүрегі, көкнәр ішкенде керісінше соғатындай. Бұл да боз құлынның үстінде бала бейнесімен кең даланы шарлап бара жатады, шарлап бара жатады. Әкесі жасап берген жүгеннен ұстамай, екі қолын көкке соза түседі. Боз құлын мұны құлатпайды, ол да көкке ұша жөнелгендей, көкпенбек ұшы-қиыры жоқ түпсіз аспан мен байтақ далада боз құлынымен ойыстап бара жатады. ... Еш кедергісі! Еш қиянатсыз екеуі ғана көк аспанға тарта жөнеледі. Жеп-жеңіл! Ұшқан деген осы! Бала күнінде жетінші атасының қасиеті бар деп еститін. Қаласа көкке ұша алады, қаласа жанып тұрған оттың ортасымен жүре алады. Тіпті, от шайнап, шок түкіріп, қызған темірді алақанымен ұстап, шеті сынған шелек, самаурынды

қолдап жамайды деген аңыздардың талайын естіген. Енді міне, өзі де сол бабасы сияқты көк аспанда қалқып барады....

... Мұрагердің миы солқылдап кетті. Көзін ашқысы келмейді. Ашса болды бағанағы рахаттан бірден айырылады. Ашпаса, басы айналып, тынысы тарылады. Осынау көкпенбек, жап-жарық әлемнен тез құлап, мұздай балшыққа түсіп кеткендей селк кете қалды. Шылқылдап қара терге түскен онсыз да қырым еті жоқ денесі өзінікі емес секілді, саудырап, сыздап бара жатыр. Көзін ашқаны сол еді, боз құлынның орнына қайтадан қара түнектің ішінен өзін көрді. Қайтадан азаптың оты шарпип кетті... Осы бір азаптан құтқарса Тек «ұстазының» неше уақыттан бері санасына құйып келе жатқан «жиһад» ғана жанын рахаттандыратындай. Дүниеден жанына бір жұбаныш іздейді. ... Не де болса «ұстазының» айтуымен жүрмек....

Операция

Қылмыскерді қолға түсіруде полицияның қандай бір операциясы құр тәуескелге негізделмеу керектігін полковник жақсы біледі. Соңғы кезде жұртшылықты аладатқан діни экстремизм бөгде емес, өз елімізде де «қыр» көрсете бастады. Көрші облыстардағы мұнай ұрлау, мал барымталау, адам ұрлау секілді түрлі қылмыстарға қатысы бар діни ағым жетегіндегілердің «дүмпу» артқан. Жұрттың да алдайтын кереғер көзқарастары үлей түскен. Мемлекеттің құзыретіне бағынғысы келмейтін топтың да қарасы көбейіп бара жатқанына іштей алаңдайды. Осы салада қаншама жыл еңбек етіп келе жатса да, тыйым салатын арнайы заңсыз адам баласына тосқауыл қою мүмкін еместігін жан-тәнімен ұғады. Қылмыс жасалауда, қылмыскер жазаланбайды, неге? Күндіз-түні ойлайтыны осы. Жат ағым жетегінің жайыла бастағаны ығығындағы шеннің қауқарсыздығын күннен күнге арттыра түскендей. Онда несіне құзырлы орган? Онда несіне полковник? Онда несіне мемлекет?!... Полковник Дәуіров пен майор Қаппаровты ығындағы шен мен қызмет емес, ең алдымен, ар соты әлгіндей сурақтардың астына алатындай... Оның үстіне, өткен жолы да қылмыстық әлемге әйгіл Әлидің құрыққа ілінбей кеткені жан жарасын тырнай түскен.

Майор Қаппаров Әли есімді дін жолындағы жігіттің кім екенін жақсы білетін... Бүгін ол туралы жинақталған ақпараттарды тағы да бір сүзіп шықты. Есірткі пайдаланады. Нақты дәйек жоқ. Діни көзқараста екені рас, бірақ, тағы да оның залалын тап басып көрсете алмайды. Айғақ жоқ...

Жылымық

...Жаңа басталған жыл дауылдатпай, борандатпай азғантай жылтыраған қармен жылымық болып келді. Мүлгіген табиғатын жылдың осы уақытында тап осындай «момақан» бола қалғаны жаңа жылдық мерекені тойлаушы жұрттын әрі-бері жүрісіне жайлы бола түскендей еді. Бірақ, майор Қаппаровта ұйқы жоқ. Белгісіз нөмірден

хабарлама түсті деген дыбыс зың ете қалды. Іші бір қауіпті сезгендей. Осыдан бірнеше ай бұрын, жат ағымның жетегінде жүрген жастардың күрт белсене бастағаны айтылған болатын. Әрі біршама уақыт бұрын өзінен бір мектепте бір класс жоғары оқыған Мұрагердің әкесі Хамит ақсақалды жолықтырып қалғаны да бар еді. Хамит ақсақал майор шені бар Азамат Қаппаровты бірден танылды да: «Сен Қаппардың баласымысың? Қалай үлкен болып кеткенсің? Айналайын!» деп құшақтай берген. Әңгіме арасында жалғыз ұлы Мұрагердің жағдайын айтып күрсініп, көзіне жас та алды. Әрі туыс, әрі жерлес Хамит ақсақалдың мынау күйін көріп, майор Қаппаровтың жаны тынышталмаған. Енді міне «салафиттер әлемінде Әли деген атпен таныс Мұрагер Хамитұлы деген жігіт бүгін түнде «отшашу» шашпақ». Майор «отшашудың» не мағына беретінін бірден түсінді. Дерету комитет басшысы полковник Дәуіровке баяндалды. Қылмыстық істерді жедел бақылауға алу оперативті бөлімшесі полициялары сақадай сай тұр. Майор Қаппаровқа «отшашудың» қайда болатыны нақты хабарланбады. Тиісті дереккөзден қанша хабар күтсе де, бағанағыдан басқа сыбыс жоқ.

«Отшашу»

Сағат тілі түнгі 23-15-ті көрсетіп тұр. Майор Қаппаровтың телефонын «асығындар, орталық стадион жаққа «отшашуға» бара жатыр» деген хабарлама зың еткізді. Дерету жедел қылмыстық іздестіру тобын жұмылдырып, орталық стадион жаққа тартты. Әшейінде ығы-жығы көше жым-жылас. Жұрт кешегі жаңа жылдық мерекені мереке-леуден шаршаған болса керек. Осыған дейін талай қылмыстың алдын алған, нешеме төбе құйқанды шымырлатқан қылмысты ашқан майор Қаппаровтың жүрегі бір тыншыр емес. Тыныштықта да үрей болатынын енді түсінді. Қыс аса суық болмаса да, әнебір ағаштар сын-сидам болып, ербиіп қана тұр. Әшейінде жаңға сая болатын ағаштар үрей билегенде жалмауыз кемпірге ұқсап кететіні несі екен? Кенет ... стадионның артқы жағында ай суәлесіне қараңдаған сұлба көзге шалынғандай. Дерету көліктерінің жарығын өшіріп, тоқтай қалды. Әдетте, дабыл жүйесін қосатын сәттерде, сенімдірек болатын. Бұл жолы басқаша, дабыл қосуға болмайды.

Майор Дәурен Қаппаров қасындағы серіктеріне ың-шыңсыз көліктен түсіп, стадионның арт жағына қарай баруды ыммен түсіндірді. Ай астында қараңдаған сұлбадан «отшашу» ойынына қатысатындар 3 жігіт екені байқалды. Сыбыстың рас болғаны. Орталық стадионға қысқы уақытта адам келе бермейді. Ошаңдаа жоспар құрып, қажет жағдайда қашып, жан сауғалауға қуыс бөлмелері мен бірнеше кіреберіс, шығыс есіктер таптырмайтын жер. Қүдіктілер де осы жерді бекер таңдамаған. Майор Қаппаров сұлбаға жақындай түсті. Жақындаған сайын өз көзіне өзі сенер емес. Бір кезде «осы Мұрагер ағамдай болсам екен» деген жігіт адам айтса нанғысыз жағдайда тұр. Сырықтай бойына қысқы күнге қарамай, спорттық киім ғана киіпті. Шамасы оқыс қимылда жеңіл болсын дегені. Түн жарым болғанмен, құдіктілер стадион жиегіндегі жаңа жылдық шамдардың жарығы көбірек түсетін жерде тұрып, жейдесінің ішіне жарылғыш заттарды орнатып жатыр. Қимылдары ширақ, асығыс. Қаппаровтың қырағы көзі бәрін анық байқады, енді асықпаса болмайды. Дерету арт жақтағы жігіттерге қол көтеріп ишара жасағаны сол еді, бірнеше қарулы жігіт алға ұмтылды. Полицияның келіп қалғанын байқаған құдіктілер жанұшыра қаша бастады. Жөпелдемеде жарылғышты қосып үлгермеген болса керек, құдіктілер үшеуі үш бағытқа тарқаса қашты. Жарық аздау жерге жетсе, бой тасаламақ. Майор Қаппаров құдіктілердің мұздай қаруланғанын, сонда да оларға оқ атпай, тіптей қолға түсіру керектігін айтып үлгерді. Тапсырма жауапты. Қүдіктілер аса қауіпті...

...Оның кеудесі өртеніп бара жатқандай. Кеудесіндегі жарылғыш құрылғыны өздігінен қоса алар емес. Артылған міндет – жарылғышты стадионнан екі шақырым қашықтықта орналасқан әкімдік ғимаратына апарып жару керек болатын. Миын өрмекшінің торындай торлап тастаған «Жиһад» жасау ресми органдарды жарып жіберуден басталуы керек екенін «ұстазы» шегелеп айтқан. Шаригат заңдарын ұстанбайтын жүйенің бұлар үшін еш мәні де, маңызы да жоқ. Өздері «отшашу» мерекесі деп атайтын «салттарын» сақтау әрбір салафизм ақидасының басты қағидасы еді. Енді міне, аяқ астынан келіп қалған полициядан қашамын деп, қатқақ жолға тайып құлап, көшеде қазылған суағар арық ішінде жатыр. Жарылғышты босқа жара беруге тыйым салынған, не де болса адам қарасы көп жерге, ғимараттарға жару тапсырылған. Ал қазір Мұрагердің ол тапсырмаларды орындауға шамасы келер емес. Жан екпінмен жүгіріп келе жатқанда жиегі бетоннан құйылған арыққа омақаса құлап түсті. Қабырғалары да қозғалтар емес. Тек сол қолы ғана қимылдайды. Орнынан тұру мұн, тұрғанда да мына күйде қайда бармақ? Жата беруге тағы болмайды. Қыстың ызғары түнде кү-

шейе түскен, әрі таң атса жұрт көзіне қалай түспек.? Не де болса, орнынан тұру керек....

Күдікті

Майор Қаппаров қасындағы жігіттерді үш бағытқа бөлді де, өзі қасына екі жігіт ертіп, Мұрагер қашқан жақты бетке алды. Қанша жылдам болса да, алысқа ұзай қоймағанын біледі. Басқадан бұрын өзі қолға түсіргісі келеді. Көше шамдары жарығынан көмескілеу жақты бетке алып, түртінектеп келеді. Көше асып, жазық алаңқайды да шолып шықты. Ізім-қайым жоқ. Жарылғыштың жарылған дауысы да естілмейді. «Қайда жасырынып үлгеруі мүмкін?» деп ойлағанша болған жоқ, сонау бір жолсыздау жерде бүкшендеп сүйретіліп бара жатқан жанның барын, қыстың қатқақ жеріндегі қураған шөптердің шытыр-шытыр еткені ұқтырды. Шытырлаған дыбыс пен енгіге тыныс алған дем «Токта!» деген дауысқа керісінше олан сайын жиілеп, ығыса берді. «Токта! Көтер қолыңды!» дегені сол еді, бүкшендеген сұлба пистолетін «тарс» еткізіп, атып қалды. Майор Қаппаровтың қасындағы жігіттердің бірі құлай кетті. ...Қүдіктінің ештеңеден қайтпайтынын түсінген Қаппаров жедел қимылдап, тұра ұмтылып, алыса кетті. Қыстың мұздақ түнінде онсыз да әл-дәрмені құрып, әзер тұрған Мұрагер Хамитовтың қолға түскен сәті еді....

Тергеу изоляторы

Қүдікті Мұрагер Хамитұлы гипспен таңылған қол-аяғын сүйрете басып әзер кірді. Оны өзімен сонау кездерде бір мектепте оқыған, әрі ағайын, әрі ауылда майор Дәурен Қаппаров күтіп отыр еді... Мұрагер Хамитұлы бірнәрсе іздегендей тергеушінің бетіне тесіле қарағанмен, бір кезде інісіндей болған жігітті таныған жоқ...

Майор Қаппаров құдіктінің бетіне ұзақ қарап отырды... Баяғы өзі арқа сүйеген, туған бауырындай болған Мұрагер? Жоқ, бұл мүлде басқа адам! Екі көзі қанталап кеткен. Үстінің сау тамтығы жоқ. Айдың, күннің аманында бейне бір соғыстан келген жан сынды. «Қор болған жастық-ай!». Талай кісі өлтірген қылмыскердің алдында жүрегі дір етпеген майордың бүгін іші удай ашыды. Кімді, нені қимай отыр, оны өзі де түсінбейді. Кеше ғана қатар өскен азаматтың қайдағы жолға түсіп осыншалықты адасқанына іші қан жылайды. «Менің үлгі тұтқан ағатайым осы ма? О, Жартақан!» Майор Қаппаров кенет қарсы алдында ағатын емес, өзі отырғандай жаны түршігіп кетті. «Аспан аман, жер аманда өзіннен өзің безіп, тап осындай жатқа айналғаннан өткен қасірет болар ма? Мынау бес күндік жалғанда, өзіңді өзің қор қылудан өткен азап болар ма? Адам баласының аз ғұмырын өзін тапқан ата-анасынан, ел-жұртынан, салт-санасынан бездіретіндей бұл нендей күш? Жат ағым жетегінде жұтылып бара жатқан ұрпағыңды көруден асқан қасірет, жоғалып бара жатқан жұртыңды жоқтаудан асқан қиямет балар ма?...Қасіреттен арылмаған нтекен ел едік?» ... Майор Дәурен Қаппаров алдындағы құдіктіге қарап отырып, қан жұтқандай болса да, тергеуге кірісті. Қарлығыңқы, қартайыңқы үнінен бірден бірнеше он жылға есейіп кеткендей, ішінде мың жылға жұқ боларлық зілдей шер жатқандай. Жанын үзердей терең күрсінді.

Жарылғыш заттарды қайдан алдыңыз? Хамитұлы мыре етті: Ол қазір проблема емес. Қасындағы сыбайластарың кімдер еді? Олар менің бауырларым. Жарылғыш құрылғыны қайда жармақ едіңіз және тапсырманы кімнен алдыңыз? Аллаһтан!

Хамитұлы еліріп кетті. «Бәрінді жарам!», «Тозақ отына өртеймін!», «Мен болмасам, бауырларым әлі-ақ сендердің құлдарыңді көкке ұшырады». Бейне бір жынданып кеткендей айғайға басты. Егер өздеріне тыйым барын сезсе, осындай үстемелеп «мінез» көрсету керектігін «ұстазы» оқытқан-ды. Әйтеуір, не жағдай боса да, өзіңді күшті етіп көрсету, билайғы жұртқа қорқыныш сезіндіре білу – салафизм ақидасының басты қағидасы.

Күзетші лейтенант бар даусымен ақырған Хамитұлын орнынан тұрғызып, жұлқылай тартып, қайта камераға алып кетті.

Бір кезде жан бауырындай көрген, аға тұтқан, «дүниеде «Қазақ қандай?» десе, осы Мұрагер ағамды көрсетер едім» деп, іштей мақтанатын ағасының бүгінгі күйі көп нәрсені аңғартқандай. Бір кезде «ісе сынбас, кессе бөлінбес» нағыз ер деген азаматты мынадай күйге түсірген бұл ағымның діңгегінде сұрапыл арналыс пен сұмдық нәубет жатқанын ұқты.

Майор Қаппаровтың телефоны шыр етті: «Майор Қаппаров, тез жедел штабқа келіңіз!» деген үн саңқ етті... Бұл қаңтардың алтысы еді... Көше у-шұ...

Майор Қаппаров «енді қанша қор болған қайран Мұрагер ағам секілді жігіттердің ізін кесер екенмін?» деген оймен жүгіре басып, жедел штабқа кетті. «Айтпақшы, Мұрагер ағамның бір боз құлыны бар еді-ау бір кезде?...» Құлағына жылын шаққандай шынғыра кісінеп, дүркірей қашқан жылкының дүбірі естілді. ...

Елена ӘБДІХАЛЫҚОВА

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
 ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақанжан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665

Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
 Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №149 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген. Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31